СПОРТ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

ҚАЗАҚША-ОРЫСША
ОРЫСША-ҚАЗАҚША

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Тіл комитеті

СПОРТ ТЕРМИНДЕРІНІҢ ТҮСІНДІРМЕ СӨЗДІГІ

қазақша-орысша
орысша-қазақша

Алматы
2009

УДК 796 (038)
ББК 75-1я 2
Ж69

Сөздік Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Жарлығымен бекітілген "Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған бағдарламасы" аясында шығарылып отыр

Жолымбетов Ө.Ш., Құлназаров А.Қ.
Ж69 Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2009. – 480 б. – Қазақша-орысша, орысша-қазақша

ISBN 9965-822-48-4

Мемлекеттік тіл – қазақ тілінің өмірдің сан салаларында, оның ішінде спортта жаппай қолданыла бастауы себепті көптеген спорт түрлеріне байланысты оның атауларына түсініктеме беру осы саланың мамандары – жаттықтырушылар, торешілер, дене тәрбиесі пәнінің оқытушылары, спорт журналистері мен ұйымдастырушылары үшін пайдалы деп есептейміз.

Ж 4602090000
00(05)-09

УДК 796 (038)
ББК 75-1я 2

ISBN 9965-822-48-4

© Жолымбетов Ө.Ш., Құлназаров А.Қ., 2009
© "Сөздік-Словарь", 2009

I бөлім

Спорт терминдерінің түсіндірме сөздігі

қазақша-орысша

ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ
КАЗАХСКИЙ АЛФАВИТ

Баспаша түрі	Жазбаша түрі	Айтылуы
А а	*А а*	*а*
Ә ә	*Ә ә*	*ә*
Б б	*Б б*	*бе*
В в	*В в*	*ве*
Г г	*Г г*	*ге*
Ғ ғ	*Ғ ғ*	*ға*
Д д	*Д д*	*де*
Е е	*Е е*	*йе*
Ё ё	*Ё ё*	*йо*
Ж ж	*Ж ж*	*же*
З з	*З з*	*зе*
И и	*И и*	*ый, ій*
Й й	*Й й*	*қысқа и*
К к	*К к*	*ка*
Қ қ	*Қ қ*	*қа*
Л л	*Л л*	*эл*
М м	*М м*	*эм*
Н н	*Н н*	*эн*
Ң ң	*Ң ң*	*эң*
О о	*О о*	*о*
Ө ө	*Ө ө*	*ө*
П п	*П п*	*пе*
Р р	*Р р*	*эр*
С с	*С с*	*эс*
Т т	*Т т*	*те*
У у	*У у*	*ұу,ұу*
Ұ ұ	*Ұ ұ*	*ұ*
Ү ү	*Ү ү*	*ү*
Ф ф	*Ф ф*	*эф*
Х х	*Х х*	*ха*
Һ һ	*Һ һ*	*һа*
Ц ц	*Ц ц*	*це*
Ч ч	*Ч ч*	*че*
Ш ш	*Ш ш*	*ша*
Щ щ	*Щ щ*	*ща*
Ъ ъ	*Ъ ъ*	*айыру белгісі*
Ы ы	*Ы ы*	*ы*
І і	*І і*	*і*
Ь ь	*Ь ь*	*жіңішкелік белгісі*
Э э	*Э э*	*э*
Ю ю	*Ю ю*	*йу*
Я я	*Я я*	*йа*

СӨЗ БАСЫ

(Спорт саласындағы түсіндірме сөздіктің маңызы мен мақсаты және ғылыми-теориялық негізі жайында)

Қазақстан Республикасы Президентінің «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы туралы» Жарлығын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің спорт комитеті және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің дене тәрбиесі ұлттық ғылыми-практикалық орталығының қатысуымен қазақ және орыс тілдерінде алғаш рет спорт атауларының түсіндірме сөздігін шығарып отыр. Белгілі тіл маманы С.И. Ожеговтың «Словарь русского языка» атты еңбегінде «түсіндірме» («толковый») сөзі түсіндіру, талқылау мағынасын білдіреді.

Әдетте әрбір ұлттық тілдің сөздік құрамы, сол халықтың тарихына, тұрмыс-салтына, мәдениеті мен әдебиетіне, өнеріне тікелей қатысты, және оның дүниелік (материалдық), рухани қазынасының айнасы іспеттес. Мұның себебі өмірдің қайсыбір саласын алсақ та, ондағы құбылыстардың барлығы да тілге іздерін тастап, оның бойына сіңген сөздерді куә етіп, өздерінің таңбасын қалдырады. Сондықтан да қай тілдің болмасын түсіндірме сөздігін жасау – сол тілдің иесі халықтың рухани өміріндегі маңызы зор жұмыс болып табылады.

Қазір Қазақстан Республикасының тұрғындары спорттың 70-тен астам түрлерімен айналысып, жарыстар өткізеді екен. Солардың 50-інен түрлі халықаралық жарыстарға қатысамыз. Демек, спорт қай мемлекеттің болмасын басқа елдермен өзара қарым-қатынастарын барынша кеңейтіп отыр. Қазақ халқының басқа халықтармен өзара байланысына қатынастармен шектелмей, екпіндей енген бұрын біздерге бейтаныс көптеген спорт түрлері өзімен бірге ғажайып сөз тасқынын да ала келді. Оны қабылдау уақыт талабы, әлемдік өркениетке ілесудің бір белгісі.

Бұл кітап атауларды түсіндіру, спорт қызметіндегі халықаралық байланыстарды нығайтудың көкейкесті мәселелерін терендете талдап, осы саланың мамандарына нақты көмек көрсетуге арналған. Мемлекеттік тіл — қазақ тілінің ел өмірінің сан саласында батыл енгізілуіне байланысты мәселелерді талқылауда немесе оның айналасында әңгімедүкен құруда өзекті үлкен проблемаға айналып отыр. Мұны баспалардан жиі-жиі шығып тұратын салалық атаулар жайлы сөздіктерден де байқаймыз. Спорт тақырыбын да кең қамтыған бірнеше сөздіктер жарық көрді. Олар – тарих ғылымының докторы, марқұм Базарбай Төтенайдың 1994 жылы «Мектеп» баспасынан шыққан орысша-қазақша спорт атауларының, белгілі журналист-жазушы Несіп Жүнісбайдың басқаруымен 2001 жылы «Рауан» баспасынан шыққан «Қазақша-орысша, орысша-қазақша терминологиялық сөздік» еңбектері. Алайда, спорт түрлерінің халықаралық мәні мен мазмұнына, атқаратын міндетіне қарап, жер шарын мекендеген көптеген халықтардың ұлттық дене мәдениетінің негізгі бір бөлігі болып есептелетін спорт түрлерінің құрлықтық, олимпиялық ойындардың, чемпионаттар мен еларалық жарыстардың жыл санап ауқымын кеңейте түсуіне байланысты атауларды тек қана аударып қана қоймай, оны түсіндіріп отыру да қажет. Мысалы, 1998 жылы Тайландтың астанасы Бангкок қаласында өткен XIII Азия ойындарының бағдарламасына енген он шақты спорт түрлерінің заты түгілі, аты да бізге бейтаныс еді. Қысқаша болса да солардың затын түсінбей тұрып, сол спорт түрлерімен айналысудың, одан өтетін жарыстарға қатысудың мүмкін еместігі іс жүзінде белгілі болды. Сол спорт түрлерінің ар жағында олардың ережесі, пайдаланылатын құрал-жабдықтарының, өтетін орнының аттары т.б. сияқты жүздеген сөздер тұр.

Спорт атауларын, олардың атқаратын, қолданылатын сәттерін білу – спорттың тілін білу болып табылады.

Дене тәрбиесі мен спорт арқылы тіліміздің сөздік қорының аясын кеңейтіп, маңызын биікке көтерсек, жаңа сөздер атауларының тасқынын жүйелеп тізіп, хаттап, оларға хал-қадерімізше түсінік беріп, сипаттама жасауға тырыстық. Бірақ сөздіктің негізі қазақ тілінде бұрыннан бар, тілшілеріміз, әдебиетшілеріміз бен спорт мамандарының күнделікті қолданатын атауларының негізінде қалыптасты. Сондықтан осы сөздіктің маңызы мен мәні салалық мамандар үшін де, жалпы тіл білімі үшін де ғылыми-практикалық тұрғыдан, саяси-әлеуметтік тұрғыдан болсын аса маңызды. Бұл тақырып республикамыз тәуелсіздікке ие болғаннан кейінгі жылдары, Үкімет пен түрлі министрліктердің қазақ тілінің мәртебесін көтеру жолындағы күрделі жұмыстарды қолға алғаннан кейін тұңғыш рет іс жүзінде орындалып отыр.

Сөздікте қазақ тіліндегі спорт атаулары түгел болмаса да, мүмкіндігінше мол қамтылып, олардың түпкі мағыналары анықталды, бұрын қалыптасқан нормалары сарапталды. Қазақ тілінің әлеуметтік мәні мен маңызы барынша артып, қоғамдық қызметі кеңейіп отырған шақта, кәсіби-салалық осындай сөздіктің жарық көруі тек қана түгелдей бір халықтың емес, оның әрбір мүшесінің де қауым болып мәдени дәрежесінің биікке көтерілгендігін көрсетеді.

Ата-бабаларымыз «елу жылда ел жаңа, қырық жылда қазан жаңа» деп бекер айтпаған екен. Тұрмыс-салтымыздың, дәстүр-ғұрпымыздың замана ағымына орай бірқатар өзгерістерге ұшырауына байланысты соңғы 10-15 жылдың төңірегінде тілімізге алты мыңнан астам жаңа сөздер енипті. Сарымайдан қыл суырғандай, қызыл тілден бал тамызып шешен сөйлейтін дана халқымыз өмірде лүп еткен қандай өзгеріс болмасын оған лезде мән беріп, мазмұн-мағынасына сәйкес ат тауып іліп алып кететініне күмәніміз жоқ. Бұл ретте басқа салалар сияқты спорттың да тіл байлығымызға қосар үлесі мол. Осыдан 50-60 жыл бұрын, XX ғасырдың орта тұсында баспасөз бетінде спорт жайлы тек хабар-ошарлармен ғана шектеліп жүрсек, қазір радио мен теледидар әлемінің шартарабынан Қазақстан спорты мен спортшылары жайлы келелі жеделдеме хабарларды тыңдап жүрміз, осы тақырыпты кең қамтитын газет-журналдарымыз бар, том-том кітаптар шығарылып, кинолар түсірілуде, ғылыми еңбектер жазылып, диссертациялар қорғалуда. Демек, спорт атаулары ана тілімізді байытып, шұрайландырып, тіл теңізіне өзіндік бір сала болып құйылып отыр.

Еліміз тәуелсіздікке ие болғаннан бергі уақытта қазақ тілі шын мәнінде ұлттық, мемлекеттік тіл болып қалыптасып, қай салада болмасын шарықтап дамып келеді. Оның осыншама қауырт, өте күшті қарқынмен алға ілгерілеуі, әлеуметтік мәні мен маңызының артуы, қоғамдағы қызметінің орны мен қолдану аясының шарықтап кеңеюіне негіз жасады. Өйткені ұлттық баспасөзде де дене тәрбиесі мен спорт тақырыбына көңілдің ерекше бөлінуі, әлемдік деңгейдегі спорт шараларынан алыста жатқан елдерден хабарлар берілудің жиілеуі, қазір бұқаралық ақпарат саласында көркем әдебиет жанрының өсе түсуі, қазақ тілінде 1-11 сыныптарға арналған тән тәрбиесі оқулығының пайда болуы, қазақ тілінде сөйлейтін қауым мен тыңдармандар санының артуы, қазақ тілінің жазбаша, ауызша нормаларын ыңғайластыруды, бірқалыпқа түсіруді талап етеді. Қазақ тілінің осыншама кемелденіп, шарықтаған тұсында сала-сала бойынша оның түсіндірме сөздігін жасау қажеттігі ешкімді таңғалдырмаса керек.

Біз сөз етіп отырған спорт атаулары негізінен үш көзден нәр алады. Соның ***біріншісі,*** топырағымызда өсіп қалыптасқан әлімсақтан белгілі төл сөздеріміз. Бірақ мұның барын бар деп, жоғын іздеп табуымыз керек. ***Екіншісі,*** аударуға сұранып, мәнмағынасын жоғалтпай, тілдік қорға сіңіп кетуге дайын тұрған сөздер. Бұлардың мазмұнға өзгеріс енгізбейтін дәл баламасын табу қажет. ***Үшіншісі,*** әуелгі баста бір тілде ай-

тылып, кейін қазақтан басқа да көптеген халықтар сол күйінде қабылдаған, әлем жұртшылығы түгел мойындап өз сөзі етіп, бауырына басып алып кеткен атаулар. Бұл атауларды «мен былай айтар едім» деп өзі қолқалап, ана тілімізге кірісіп кеткісі келіп тұрмаса сол күйінде қалдырған дұрыс.

Мұның кейбір оқырмандарға әдеттегіден гөрі басқашалау, тіпті кейбір жағдайда оғаштау болып көрінуі де заңды. Бұл сірә, әлгі сөзге құлақ пен көздің қанықпағандығынан ғой деп ойлаймыз. Осындай көңілде күдік тудыратын бірлі-жарым кейбір сөздерге қай халықтың тілінен шыққандығын жазып мән-мағынасын білдіретін түсіндірмелер беріп, өзге тілдерден енген кірме сөздерді іркілмей алып отырдық. Демек, оқырман қауымның кейбір секем алған сөздері бірте-бірте құлаққа сіңісіп, қазақ тілінің өз атауларындай болып, бірте қайнасып кететіндігіне сенімдіміз.

Осы арада тілдің өзіндік сипаты жайлы пікірімізді де білдіре кетсек деген ойдамыз. Қай тіл болса да оның басқа тілге ұқсамайтын өзіндік сипаты аз уақытта қалыптаса салатын кездейсоқ құбылыс емес. Тілдік сипаттарды тудыратын халық болғандықтан, оны асықтыруға болмайды. Бәрінің де өз уақыты, қолданысқа, айналымға түсетін өз кезеңі бар. Тілдің негізгі сүйегі, өрісі мен арқауы қолданыстағы халық тілінің, көпшілікке ортақ сипаттарынан нәр алады, сол нәрмен өркендеп, құлашын кеңге жаяды, халықтық сипаттарды өзіне таяныш етеді.

Тілдің сипаттары үнемі дамып, өсіп отырмаса ол тіл бірыңғай архаизмге, көне сөздердің қоймасына айналады. Мысалы, пайдалану аясы күн сайын кеңейіп отырған ағылшын, француз, жапон, неміс тілдерін алайықшы. Олар жаңа атауларды кеудеден итермейді, қақпайламайды, жатсынбайды, тез қабылдап, бойларына сіңіріп алып кетеді. Біз түсіндір-ме сөздікті құрастыру кезінде осыны ескердік.

Қай тілде жарияланса да түсіндірме сөздіктің негізгі, әрі қиын міндеттерінің бірі — оның өзіне тән ерекшеліктері мен сипатын таныстатып — сөздердің мағыналарын анықтау мәселесі. Бұл міндет сөз қолданысының дара өзіне ғана тән ерекшеліктерін ашуға байланысты болғандықтан, алдымызға қойған мақсаттарға арналғандықтан, әр сөздің мағынасына үңіліп, оның табиғи сипатын ашуға тырыстық.

Қандай атауға болмасын оның ішкі мазмұнын өзгертпейтін, сыртқы кейпіне дәл балама сөз табу қиынның қиыны екендігін жұмыс барысында көрдік. Сондықтан ұсынып отырған түсіндірме сөздігімізді шегіне жеткен, бір орыннан мызғымайтын, тастай қатып қалған дүние деп есептемейміз. «Қалауын тапса қар жанады» дегендей, ілеуін тапса майыспайтын, ретке келмейтін зат жоқ. Тән тәрбиесі мен спорт мамандарының күнделікті қызметіне, қалың оқырман қауымның қажетіне жарап жатса, бұл еңбек әлі де толықтырылып, талай рет қайталанып жарыққа шығады деген ойдамыз. Сондықтан да, құрметті халайық, сіздердің ұсыныс-пікірлеріңіз мұқият ескерілетінін хабарлай отырып, өздеріңізден осы спорт атауларының түсіндірме сөздігі жайлы хаттар күтеміз.

Біздің мекен-жайымыз: 050022 Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 48. Орталық стадион
Бұқаралық спорт түрлері бойынша жоғары спорт шеберлігі республикалық мектебі
Тел: 8 (727) 261-11-29
Факс: 8 (727) 292-47-12.
Құрметпен авторлар.

АБСОЛЮТТІК РЕКОРД – спорттың кейбір түрлеріндегі ең жоғарғы көрсеткіш.

АБСОЛЮТТІК САЛМАҚ – салмақ дәрежелері бойынша жарыстар өтетін спорт түрлеріндегі ең ауыр салмақ.

АБСОЛЮТТІК ЧЕМПИОН – спорттың, көркем гимнастика, президенттік сынама, конькимен шапшаң сырғанау және басқа көпсайыстың жеке бағдарламалары бойынша жеңімпаздар анықталатын т.б. түрлерінде, көпсайыстың барлық түрлерінен қорытындысында жеңіске жету. А. ч. атағы көпсайыста тұтастай 1-орын алған спортшыға беріледі.

АВИАМОДЕЛЬ СПОРТЫ – әртүрлі ұшқыш аппараттарды (ұшақтарды, планерлерді, тікұшақтарды, ұшатын аппараттарды, жылы әуе шарларын, батпырауықтарды т.б) құрастыру, ұшыру.

АВТОМАТТЫҚ (спортта) – жекпе-жек кезіндегі жай және күрделі қимылдардың шабуыл және қарсы шабуыл үстінде өзөзінен орындалуы.

АВТОМАТТЫ УАҚЫТ ӨЛШЕГІШ – арнайы құрал-жабдықтар арқылы уақытты өздігінен өлшеуші аспап.

АВТОДАҢҒЫЛ – кесе-көлденең жолы не басқалай өтетін жолы жоқ автомобиль жүретін жол. Автодаңғыл авто-мото және тасжол жарыстарын өткізу үшін пайдаланылады.

АВТОМОБИЛЬ СПОРТЫ – шапшаң, спортқа арналған және сериялы автомобильдермен әртүрлі жарыстар өтетін спорт түрі.

АВТОМОДЕЛЬ – барлық ерекшеліктерін сақтап кішірейтіліп жасалған автомодельдің үлгісі.

АВТОМОДЕЛЬ СПОРТЫ – автомодельдер жасап оларды әртүрлі жарыстарға қатысуға пайдаланатын спорт түрі.

АВТОМОТОДРОМ – автомобиль және мотоциклдермен әртүрлі жарыстар өткізуге арналған әдейі құрылыс.

АБСОЛЮТНЫЙ РЕКОРД – наивысшее достижение в некоторых видах спорта.

АБСОЛЮТНЫЙ ВЕС – супертяжёлый вес в видах спорта, соревнования в которых проводятся по весовы категориям.

АБСОЛЮТНЫЙ ЧЕМПИОН – в некоторых видах спорта, как, например в спортивной и художественной гимнастике, президентскому тесту, в скоростном беге на коньках и др., где при проведении первенств определяются победители по отдельным видам программы и по всему многоборью в целом; звание абсолютного чемпиона присваивается спортсмену, занявшему 1-е место в многоборье.

АВИАМОДЕЛЬНЫЙ СПОРТ – включает в себя конструирование, постройку и запуск различных моделей летательных аппаратов (самолётов, планеров, вертолётов, птицелётов, воздушных тепловых шаров, воздушных змеев и т.п.).

АВТОМАТИЗМ (в спорте) – способность выполнения простых и сложных атакующих и контратакующих действий в процессе поединка.

АВТОХРОНОМЕТРАЖ – автоматическая регистрация времени, производимая с помощью специальных приборов.

АВТОСТРАДА – дорога для автомобильного движения без поперечных и наземных переездов. Автострада используется и для проведения соревнований по автомотошоссейной гонке.

АВТОМОБИЛЬНЫЙ СПОРТ – вид спорта, включающий различные соревнования на гоночных, спортивных и серийных автомобилях.

АВТОМОДЕЛЬ – образец автомобиля, воспроизведенный в уменьшенном виде с соблюдением всех пропорций.

АВТОМОДЕЛЬНЫЙ СПОРТ – вид спорта, включающий создание автомоделей и использование их в различных соревнованиях.

АВТОМОТОДРОМ – специальное сооружение для проведения соревнований по скоростной езде на мотоциклах и автомобилях.

АВТОМОТОКЛУБ – автомобиль және мотоцикл спорты бойынша оқу-жаттығу, әдістемелік жұмыстарды жүргізуге арналған орталық.

АВТОМОТОМЕКТЕП – автомобиль және мотоцикль жүргізушілерін дайындайтын оқу орны. Оқушылар мен оқытушы-нұсқаушыларға арналған оқу бөлмелері, зертханалары, гаражы, жөндеу шеберханалары болады.

АҒАШАЯҚ – көңіл көтеретін ойындарға арналған құрал.

АДАЙ ЖЫЛҚЫСЫ – Арал және Каспий теңіздерінің арасындағы шөлейт аймақтарда кең тараған жылқы тұқымы. Орта Азия, әсіресе түрікмен жылқыларымен ертеден будандастырылып, тұқымы асылдандырылып келеді. Шабысқа ыңғайлы, дене бітімі қапсағай келген жүрісі жеңіл, ұшқыр.

АДАМ АНАТОМИЯСЫ – адамның іш құрылысы, сыртқы дене мүшесі жайлы ғылым. А. адамның тән құрылысын оның мүшелерінің қызметі, өзара байланысы, шығу тегі, адамның тұрмысы мен еңбек жағдайына, жасына байланысты дамуы тұрғысында зерттейді.

АДАМНЫҢ ҚАН ТАМЫРЛАРЫ ЖҮЙЕСІ – орталығы жүрек болып табылатын үлкен және кіші екі қан айналымына бөлінеді.

АДАМНЫҢ ҚИМЫЛ-ҚОЗҒАЛЫС МҮШЕЛЕРІ – дененің тірек және қозғалыс мүшелерінен тұрады; олар — қозғалысты, дененің немесе оның жеке бөліктерінің қимылсыз қалпын сақтайды.

АЗИЯНЫҢ ОЛИМПИЯЛЫҚ КЕҢЕСІ (АОК) – аймақтық, құрлықтық және халықаралық деңгейде спорт саласында Азия елдерінің қызметін үйлестіреді. Негізі 16.11.1982 ж. қаланған.

АЗИЯ ОЙЫНДАРЫ – жер шарын мекендеген адамдардың жартысынан астамы Азияда тұрады. Әрбір төрт жылда бір рет Олимпиада циклінің ортасында Азия спорт ойындары өтеді.

АИБА – 1920 жылы құрылған халықаралық бокс бірлестігінің орнына 1946ж.

АВТОМОТОКЛУБ – центр учебно-спортивной и методической работы по автомобильному и мотоциклетному спорту.

АВТОМОТОШКОЛА – учебное заведение, готовящее водителей автомобилей и мотоциклов. Имеет учебные классы, лаборатории, гараж, мастерские и другие помещения для учащихся и преподавателей-инструкторов.

ГИГАНТСКИЕ ШАГИ – устройство для развлекательной игры.

АДАЕВСКАЯ ЛОШАДЬ – распространена главным образом в пустынных районах между Аральским и Каспийским морями. С давних времен улучшалось жеребцами среднеазиатских, особенно туркменских пород. Отличается верховым складом, сухой конституцией, легкими движениями, резвостью.

АНАТОМИЯ ЧЕЛОВЕКА – наука о внешней форме и внутреннем строении человеческого тела. Анатомия изучает строение человеческого тела в связи с функцией его органов, особенностями происхождения, возрастного развития, условий труда и быта человека.

КРОВЕНОСНАЯ СИСТЕМА (человека)– делится на два круга кровообращения – большой и малый, центром которых является сердце.

ДВИГАТЕЛЬНЫЙ АППАРАТ ЧЕЛОВЕКА – состоит из органов опоры и движения; они обеспечивают выполнение движений, сохранение неподвижного положения тела или его отдельных частей.

ОЛИМПИЙСКИЙ СОВЕТ АЗИИ (ОСА) – координирует деятельность стран Азии в области спорта на региональном, континентальном и международном уровнях. Основан 16.11.1982 г.

АЗИАТСКИЕ ИГРЫ – в Азии живет более половины человечества. Раз в 4 года в середине олимпийского цикла на этом континенте проводятся по типу Олимпийских игр Азиатские игры или Азиады.

АИБА – Международная любительская ассоциация бокса. Создана в 1946 вместо

әуеской боксшылардың халықаралық қауымдастық болып қайта құрылған ұйым.

АИБА-ның АЗИЯ ҚҰРЛЫҚТЫҚ БЮРОСЫ (АзИБА) – АИБА-ның 1966 жылы Рим конгресінің шешіміне сәйкес 1967 жылы құрылған ұйым, 1970 жылы әуеской боксшылардың Азиялық бірлестігі болып қайта құрылды.

АИБА-ның АТҚАРУ КОМИТЕТІ – құрлықтық қауымдастықтардың ұсынысымен Конгресте үміткерлердің арасынан 4 жылға тағайындалатын орган.

АИБА АТҚАРУ КОМИТЕТІНІҢ КОМИССИЯСЫ – әуеской бокс қызметінің нақты негізгі мәселелерін шешуге басшылық жасау үшін құрылған топ.

АИБА-ның АТҚАРУШЫ ДИРЕКТОРЫ – АИБА-ның Атқару комитеті тағайындайтын және жалақы төленетін лауазымдық қызмет.

АИБА-ның КОНГРЕСІ – әуеской боксшылар халықаралық ассоциациясының жоғарғы басқарушы органы болып табылады (АИБА). Әрбір 4 жылда 1 рет шақырылады.

АИБА-ның ҚҰРЛЫҚТЫҚ АССОЦИЯЦИЯСЫ ЖӘНЕ БЮРОСЫ – АИБА-ның VI конгресінен кейін (1966) құрлықтық бюро ассоциацияларға айнала бастады.

АИБА-ның ПРЕЗИДЕНТІ – Конгресс оны белгілі бір мерзімге сайлайды.

АИПС – спорттық баспасөздің халықаралық ассоциациясы.

АЙЛА-ШАРҒЫЛЫ БОКСШЫЛАР – жекпе-жекті барлау барысында мұқият әзірленген соққылар жүйесін «сынайтын» бәсекені жан-жақты әдіс-айлаға құратын боксшылар.

АЙНАЛУ – шеңбердің бойымен айнала жүру.

АЙНАЛУ СӘТІ – сыртқы күштің әсерінен дененің айналып түсу сәті.

АЙНАЛЫМ – 1. Стадиондағы, ипподромдағы, тректегі т.б. айналма жолдың қашықтығы. 2. Қауіптен құтқару шеңбері – іші желмен үрленген дөңгелек баллон.

существовавшей с 1920 Международной федерации бокса.

АЗИАТСКОЕ КОНТИНЕНТАЛЬНОЕ БЮРО АИБА (АзИБА) – организовано в 1967 по решению Римского конгресса АИБА (1966). В 1970 преобразовано в Азиатскую Ассоциацию любителей бокса.

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ АИБА – орган, который избирается Конгрессом на срок в 4 года из числа кандидатов, рекомендованных континентальными ассоциациями.

КОМИССИИ ИСПОЛКОМА АИБА – созданы для руководства и решения сугубо конкретных специальных вопросов деятельности любительского бокса.

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР АИБА – назначается Исполкомом АИБА и получает жалованье.

КОНГРЕСС АИБА – высший руководящий орган Международной ассоциации любительского бокса (АИБА). Собирается 1 раз в 4 года.

КОНТИНЕНТАЛЬНЫЕ АССОЦИАЦИИ И БЮРО АИБА – после VI конгресса АИБА континентальные бюро (1966) начали преобразовываться из бюро в ассоциации.

ПРЕЗИДЕНТ АИБА – избирается Конгрессом на определенный срок.

АИПС – Международная ассоциация спортивной прессы.

БОКСЁРЫ КОМБИНАЦИОННОГО ПЛАНА – боксёры, строящие бой за счет комбинаций и хорошо отточенных серий ударов, которые «примеряют» к противнику в процессе разведки боя.

КРУГ – движение по окружности.

КРУТЯЩИЙ МОМЕНТ – момент внешней силы, под воздействием которого происходит вращение тела.

КРУГ – 1. Длина дорожки по кругу на стадионе, ипподроме, треке и т.д. 2. Круг спасательный – надутый воздухом круглый баллон.

АЙНАЛЫП ШАБУ (вольт-айналу) – айналып шауып немесе желіп келе жаткан аттың үстінде гимнастикалық жаттығуларды орындайтын ат спортының түрі (1-сурет).

АЙГӨЛЕК – қазақ балаларының қимыл-қозғалысты ойыны.

АЙКИДО – негізін Морихеи Уешиба қалаған шығыс жекпе-жегінің бір түрі (2-сурет).

АЙКӨЛ – орыстың «чижик» ойынына ұқсайтын қазақтың қимыл-қозғалысты ойыны.

АЙҚЫН БАСЫМДЫЛЫҚ (бокста) – бір боксшы өзінің қарсыласынан күші мен әдіскойлығы жағынан даусыз басым түскен жағдайда оған берілетін жеңіс.

АЙЛАҚ (спорт қайықтары үшін) – қайықтарды және басқа да жабдықтарды қысқа сақтау, жөндеу және суда өтетін жарыстарға қатыстыру үшін қойып сақтайтын су жиегіндегі қауіпсіз орын.

АЙНА АЛДЫНДА ЖАТТЫҒУ (бокста) – боксшының қателіктерін түзету мақсатында арнайы әдістер мен алдамшы қимылдар жасау, сол сияқты спортшының жалпы техникалық дайындығын түзейтін жаттығу тәсілдерінің бірі.

АЙНАЛУ (гимнастикада) – гимнаст орындайтын өзіндік мәні бар айналмалы қимыл.

АЙНАЛЫП ТҰРУ (спорттық гимнастикада) – қолымен тұрған гимнасшының асылып (құралда), тіреуге немесе қолымен тұруға (еденде) көшуі.

АЙНАЛЫП КЕТУ (спорттық гимнастикада) – гимнасшының ұстаған жеріндегі нүктесі арқылы шеңбер жасау сызығы бойымен қозғалысы.

АЙНАЛЫМДЫ ЕСЕПТЕУ (автомобиль, мотоцикл жарыстарында, ат шабыста) – айналманы немесе түзу жолдың бойымен қайта-қайта өту санын бақылап, есепке алып отыру.

АЙНАЛЫП ӨТУ (спорт ойындарында) – допты тастап кетпей қарсыласын алдап, айналып өтетін техникалық әдіс.

ВОЛЬТИЖИРОВКА (вольт-круг) – вид конного спорта, гимнастические упражнения на лошади, двигающейся рысью или галопом по кругу.

АЙГОЛЕК – подвижная игра казахских детей.

АЙКИДО – один из видов боевых искусств Востока. Основал Морихеи Уешиба.

АЙКОЛ – подвижная казахская игра, аналогичная русской игре «чижик».

ЯВНОЕ ПРЕИМУЩЕСТВО (в боксе)– победа, присуждаемая одному из боксёров в случае его бесспорного физического или технического превосходства над противником.

ГАВАНЬ (для спортивных судов)– место безопасной стоянки яхт и прочих судов, применяемых в спортивных соревнованиях на воде, а также место для ремонта судов и хранения в зимний период.

РАБОТА ПЕРЕД ЗЕРКАЛОМ (в боксе) – один из методов тренировки, применяемый с целью исправления боксёром ошибок в выполнении специальных приёмов и имитационных упражнений, а также повышения технической подготовленности спортсмена.

ВКРУТ (в гимнастике) – термин, обозначающий своеобразное круговое движение, выполняемое гимнастом.

ПЕРЕВОРОТ (в спортивной гимнастике) – переход гимнаста из стойки на руках в вис (на снаряде), упор или в стойку (на полу).

ОБОРОТ (в спортивной гимнастике) – круговое движение гимнаста вокруг линии, проходящей через точки хвата.

СЧЁТ КРУГОВ (в автомобильных и мотоциклетных соревнованиях и в конных скачках) – контроль за многократным прохождением кольцевой или линейной трассы.

ОБВОДКА ПРОТИВНИКА (в спортивных играх) – технический прием, позволяющий, не теряя контроля над мячом, обойти противника.



1-сурет. Айналып шабу.




2-сурет. Айкидо.

АЙНАЛЫП ТҮСІП АУДАРУ (айналма күресте) – балуан қарсыласын қолынан іліп, аяғынан алып барып айналып түсіп оны жауырынына болмаса төрттағанға салатын әдіс.

АЙНАЛЫП ТҮСУ (шыр айналу) – арасында қолдарын тірей бір не, екі фазамен серпіліп дененің алдыңғы жаққа қарай немесе кейін бұрылып түгелдей аударылып түсетін айналмалы қимылы (3-сурет).

ПЕРЕВОД ВРАЩЕНИЕМ (вертушка в борьбе) – приём, при выполнении которого борец повисает на руке или ноге противника и, поворачиваясь кругом, переводит его в партер или переворачивает на спину.

ПЕРЕВОРОТ – вращательное движение тела с полным переворачиванием вперед или назад, с промежуточной опорой на руки, с одной или двумя фазами полета.



3-сурет. Айналып түсу.

АЙЫПТАУ – рұқсат етілмейтін, жарыс ережесіне қарсы әрекеттері үшін берілетін жаза.

АЙЫП ДОБЫ – командалық спорт ойындарында ойын ережесін бұзғандығы үшін берілетін айып добын теуіп ойынға қосу немесе допты лақтыру, соғу.

АЙЫП УАҚЫТЫНЫҢ САҒАТЫ – айыпталған хоккейшінің уақытын есептейтін әрі көрсететін аспап.

АКАДЕМИЯЛЫҚ ҚАЙЫҚ ЕСУ – XIX ғасырдың 1-ші жартысында Ұлыбританияда пайда болған көпорынды академиялық қайықтармен жарысатын есу спорты.

АКВАПАРК – олимпиялық және де басқа жүзу бассейндері, сарқырамалар, тоспалар, қолдан жасалған құламалар, су қоймаларының кешені.

АКВАПЛАН – шапшаңдығы сағатына 15 км-ден аспайтын қайықтарға тіркелетін сумен жүзуге арналған шағын сал.

НАКАЗАНИЯ – штраф за нарушения правил соревнований.

ШТРАФНОЙ УДАР (бросок) – удар по мячу (или бросок мяча) в командных спортивных играх, назначаемый за нарушение правил игры.

ЧАСЫ ШТРАФНОГО ВРЕМЕНИ – отсчитывают и демонстрируют время для оштрафованного игрока в хоккее.


АКАДЕМИЧЕСКАЯ ГРЕБЛЯ – вид гребного спорта, гонки на многоместных академических судах. Зародилась в Великобритании в 1-половине XIX века.

АКВАПАРК – комплекс водных, олимпийских и прочих бассейнов, лагуны с водопадами, горки-шиволи и другие искусственные водоемы.

АКВАПЛАН – небольшой плотик, предназначенный для передвижения по воде на буксире за самоходными судами, имеющими скорость 15 км/ч и выше.

АКРОБАТИКА (грек тілінде «жоғары көтерілуші») — тән тәрбиесі жүйесіндегі гимнастиканың бір түрі. Жеке, екеуара және топтасып, түрлі айналымдарды орындауға байланысты денені тепетеңдікте ұстайтын жаттығулардың жүйесі (4-сурет).

АКРОБАТИКА (от греческого «подымающийся вверх») в системе физического воспитания — один из видов гимнастики. Система физических упражнений, связанных с выполнением вращений и балансирования индивидуально, вдвоём и группами.



4-сурет. Акробатика.

АКРОБАТИКАЛЫҚ ЖОЛ – акробатикалық секіру жаттығуларын орындау үшін спорттың жолына ұзындығы 15, ені 1,5 м. қалыңдығы 5 см, келетін іші жұмсақ, серпінді затпен толтырылған, брезентпен қапталған төсеніш.

АКРОБАТИКАЛЫҚ СЕКІРІСТЕР – ерлер және әйелдер үшін спорттық акробатиканың түрі, цирктің жанры. А.с. арнайы жол немесе кілем үстінде көпіршені, серпілмені, батутты пайдаланып орындалады.

АКСЕЛОМЕТРИЯ – қимыл кезіндегі шапшаңдықты өлшеуге арналған құрал.

АҚСҮЙЕК – қазақ халқының командалық қимыл-қозғалысты ойыны. Ойыншылар айлы, жарық түнде белгіленген жерге жиналып екі топқа бөлініп ойнайды.

ДОРОЖКА АКРОБАТИЧЕСКАЯ – брезентовый чехол длиной 15, шириной 1,5 м с мягкой, упругой набивкой толщиной 5 см, часто простеганный, который служит для выполнения акробатических прыжковых комбинаций.

АКРОБАТИЧЕСКИЕ ПРЫЖКИ – спортивной акробатики для мужчин и женщин, жанр циркового искусства. Прыжки выполняются обычно с разбега, на специальных дорожках или покрытиях с использованием мостиков, трамплинов, батутов.

АКСЕЛОМЕТРИЯ – используется при измерении ускорений в движениях.

АКСУЙЕК (белая косточка) – казахская подвижная командная игра. В светлые лунные ночи игроки собираются в назначенном месте и делятся на две группы, чтобы найти эту косточку.

АКТИВАЦИЯ (қозу) – спортшылардың немесе командалардың жарыстың қарсаңындағы қозуы, көңіл күйінің көтерілуі.

АҚТЫҚ ЖЕКПЕ-ЖЕК – нәтижесінде чемпионды (жеңімпазды) анықтайтын ең соңғы бәсеке.

АЛАМАН БӘЙГЕ – түркітектес халықтар арасында кең тараған ат спортының бір түрі. Бұрын қазақтар шабандоздардың айла-тәсіл шеберлігі сынға түсетін ойлы-қырлы жерлермен 50 км., одан да ұзақ қашықтарға жарысқан. Жыл сайын Алматы маңындағы «Көкбастау» бәйге алаңында Конституция күніне арналған Қазақстан Республикасы Президентінің жүлдесі үшін ат спорты түрлерінен өтетін мерекелік жарыста А.б.-де жеңіп шыққандар бас жүлдеге ие болады.

АЛАҢДЫ АЛМАСТЫРУ (спорт ойындарында) – жарыс ережесіне сәйкес жарыстың белгілі бір уақыты өткеннен кейін командалардың өз аландарын алмастыруы.

АЛАСА БОЙЛЫ ҚАРСЫЛАС – егер қарсыласына қарағанда бойың мен қолың ұзын болса, мұндай жағдайда оны жақын арақашықтыққа жібермеу керек.

АЛАУ ЖАҒУ – табиғат аясында жағылған от.

АЛАУ ОЛИМПИЯЛЫҚ – қара: Олимпиялық алау.

АЛАУ ЭСТАФЕТАСЫ – қара: Олимпиялық эстафета.

АЛДАРҚАТУ ҚИМЫЛДАРЫ – спортшының бастаған қимылын аяғына дейін жеткізбей, оны басқа әдіспен алмастыратын айла-тәсіл.

АЛДАП ҰРУ (волейболда) – күшті шабуыл қимылын жасағаннан кейін, оның орнына алаңның алдыңғы жағындағы нашар қорғалған жеріне жай ғана алдап ұрып, допты түсіру.

АЛҒА АТТАУ (сайыста) – қолдағы қаруын қарсыласына тигізу мақсатында жақындау үшін спортшының алға аттауы.

АЛҒАШҚЫ ДӘРІГЕРЛІК КӨМЕК – жарақаттың немесе науқастың асқынып

АКТИВАЦИЯ (побуждение) - возбуждение, настраивание спортсмена или команды перед соревнованием.

БОЙ ФИНАЛЬНЫЙ – заключительная встреча спортсменов, в итоге которой определяется чемпион (победитель).

АЛАМАН-БАЙГА – один из древнейших и популярнейших видов конного спорта у тюркских народов. У казахов – это скачка по пересечённой местности на длинную дистанцию (50 и более км), в которой важнейшую роль играет тактическое мастерство всадника. Ежегодно на ипподроме «Кокбастау» (около г. Алматы) проводится конно-спортивный праздник, посвященный Дню конституции Республики Казахстан, где главный приз вручается победителю.

ПЕРЕМЕНА СТОРОН (в спортивных играх) – согласно правилам, смена сторон площадки (поля) командами после достижения определенного времени в соревновании.

ПРОТИВНИК НИЗКОГО РОСТА – если у вас есть преимущество в росте и длине рук, то ваша первая задача будет состоять в том, чтобы не подпускать противника на дистанцию ближнего боя.

КОСТЁР – горящий огонь на лоне природы.

ФАКЕЛ ОЛИМПИЙСКИЙ – см: Олимпийский факел.

ФАКЕЛЬНАЯ ЭСТАФЕТА – см: эстафета Олимпийская.

ОТВЛЕКАЮЩИЕ ДЕЙСТВИЯ – тактические приемы, при которых спортсмен, начав движение, не доводит его до конца, а заменяет другим.

ОБМАННЫЙ УДАР (в волейболе) – слабый удар, направляемый обычно в наименее защищённую переднюю часть площадки противника после демонстрации подготовки к сильному нападающему удару.

ВЫПАД (в фехтовании) – основной прием сближения, совершаемый с целью достать противника оружием.

ПЕРВАЯ МЕДИЦИНСКАЯ ПОМОЩЬ – своевременное оказание первой медицин-

кетуін алдын алудағы маңызды шарттардың бірі дер кезінде жасалатын алғашқы дәрігерлік көмек болып табылады.

АЛҒАШҚЫ КЕЗЕКТІ АЛУ (қалашық спортында) – қалашық командасының таяқты бірінші лақтыру еркіне ие болуы.

АЛҒАШҚЫ ШЫҒУ – таудың биік шыңына алғаш рет шығуды орындау.

АЛДАЙТЫН ЖЕМ – әдетте қалайыдан, мыстан, күмістен, қоладан, қорғасыннан жасалатын бір, екі немесе үш қармақ бекітілетін, балықтарды алдап қармаққа түсіретін, түрі мен түсі әркилы, басында қармақтың жібімен жалғасу үшін жасалған кішкене шығыршығы бар кішкентай, жіңішке металл қаңылтырлар.

АЛДАМШЫ ӘРЕКЕТТЕР – спортшылардың қарсыласын жаңылыстыру үшін қолданатын әрекеттер (финттер).

АЛДЫН АЛА ЖЕКПЕ-ЖЕКТЕР – жарыс барысында жартылай финалға дейін болып өткен әрбір ресми бәсеке.

АЛДЫН ОРАП КЕТУ (спортта) – шапшаңдық қасиеттерінің жоғары деңгейінің арқасында шабуыл мен қарсы шабуылда спортшының алдын орауы.

АЛДЫҢҒЫ ШЕПТЕН СОҒУ (бадминтонда) – торды жиектеп одан да төмен ұшып келе жатқан ұрғаннан кейін жоғары траекториямен әуелеп ұшатын қауырсынды ракетканың ашық және жабық бетімен ұру.

АЛЛЮР (фр. a llure, ауд. – жүріс) – жылқының алға қарай екпіндей жүруі.

АЛМҰРТ (бокста) – соққының күшті, дәл әрі тез болуын дамытатын бокс жабдығы. А. алмұрт пішінді төбедегі көлденең орынның ортасынан топсаға бекітілген былғарыдан жасалған жаттығу құралы болып табылады.

«АЛТЫН БЕЛДІК» – әртүрлі елдердің бокс бірлестіктері халықаралық турнирлерде сарапқа салатын арнайы жүлде.

«АЛТЫН ҚОЛҒАП» – АҚШ-тың әуесқой боксшыларының арасында жыл сайын сарапқа салынатын жүлде.

ской помощи является важнейшим условием предупреждения возможных тяжелых последствий травмы или заболевания.

ЗАБОЙ (в городошном спорте) – право городошной команды первой начать игру, произвести первый бросок биты.

ПЕРВОВОСХОЖДЕНИЕ – восхождение, совершенное на данную горную вершину впервые.

БЛЕСНЕНИЕ – ловля рыбы на искусственные приманки – небольшие узкие металлические пластинки различных форм и расцветок, обычно из латуни, меди, серебра, олова или свинца с одним, двумя или тремя крючками на одном конце и небольшим колечком для соединения с лесой на др.

ЛОЖНЫЕ ДЕЙСТВИЯ – действия (финты), применяемые спортсменами с целью дезориентации противника.

БОЙ ПРЕДВАРИТЕЛЬНЫЙ – каждый официальный поединок боксёров до полуфинальных боев в соревнований.

ОПЕРЕЖЕНИЕ (в спорте) – способность спортсмена опережать в атаках и контратаках соперника благодаря наличию высокого уровня скоростных качеств.

УДАРЫ ИЗ ПЕРЕДНЕЙ ЗОНЫ (в бадминтоне) – удары открытой и закрытой стороной ракетки по волану, находящемуся на уровне кромки сетки и ниже, которые затем летят по высокой траектории.

АЛЛЮР (фр. a llure) - способ поступательного движения лошадей.

ГРУША (боксёрская) – снаряд, служащий для выработки силы, точности и резкости ударов. Груша боксёрская представляет собой кожаный мешок грушевидной формы, подвешенный на шарнире к центру горизонтальной платформы.

«ЗОЛОТОЙ ПОЯС» – специальный приз, разыгрываемый на международных турнирах, проводимых ежегодно Федерациями бокса разных стран.

«ЗОЛОТЫЕ ПЕРЧАТКИ» – приз, разыгрываемый ежегодно для боксёров-любителей США.

АЛШАҚТЫҚ – айналысушылардың алдыңғы беттен қарағанда бір-бірлерінен алшақ тұруы.

АЛШАҚТАУ (нысанадағы тесіктер) – оқ тиген ортадағы тесіктен басқа тесіктердің арақашықтығы.

АЛЫП СЛАЛОМ – қарлы тау беткейімен сырғанап және қалқандардан өтетін спорт түрі.

АЛЫС АРАҚАШЫҚТЫҚТАН ҰРЫСҚА ТҮСУ (бокста) – соққы жұмсау мен қорғануда қарсыласын жақындатпай алыс арақашықтықта ұрыс салу.

«АЛЫСТАН ҰРАТЫН» БОКСШЫ – әдіс-айласын алыс қашықтықта жүріп жақсы пайдаланып жекпе-жектерді өткізе алатын спортшы.

АЛЬПИНИАДА – бір жерден басшылық жасалатын жаппай оқу-жаттығу шараларын өткізуге арналған бұқаралық сипаттағы альпинизм.

АЛЬПИНИЗМ – тау шыңдарына шығу. Альпинизм сөзінің тегі батыс Еуропадағы биік тау сілемдері Альпіге байланысты шыққан (5-сурет).

АЛЬПИНИСТЕРДІҢ АРҚАНЫ – альпинистердің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін негізгі жабдық.

АЛЬПИНИСТЕР МУЗЕЙІ – мектеп оқытушысы, таудағы туризмнің нұсқаушысы В.Чепелдің ұйымдастыруымен Алматы облысының Іле ауданындағы Чапаев атындағы құс фабрикасында негізі 1995 жылы қаланған мұражай.

АЛЬПИНИСТІК ЛАГЕРЬ – альпинизммен айналысушылардың шеберлігін шыңдайтын, үйрететін, оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізетін мекеме.

АЛЬПИНИСТ ІЛМЕГІ – жартастың жарығына немесе мұзға қағылатын арнайы жасалған темір қазық.

АЛЬТИМЕТР (биіктік, метр) – әрекеті атмосфералық қысымды өлшеуге негізделген, биіктікті анықтайтын аспап.

АМЕРИКАНДЫҚ СОФТБОЛ (кіші бейсбол) – зал ішінде ойнауға бейімделген, бейсболдың бір түрі ретінде өтіп жүрген доп ойыны.

ИНТЕРВАЛ – расстояние по фронту между занимающимися.

ОТРЫВ (пробоины в мишени) – пробоина в мишени, удалённая от средней точки попадания.

ГИГАНТСКИЙ СЛАЛОМ – слалом спуск по скоростной трассе поворотом и между воротами.

БОЙ НА ДАЛЬНЕЙ ДИСТАНЦИИ (в боксе) – поединок боксёров, позволяющий выполнять ударные и защитные действия без сближения с соперником.

БОКСЁР «ДИСТАНЦИОННИК» – спортсмен, преимущественно владеющий технико-тактическими средствами ведения боя на дальней дистанции.

АЛЬПИНИАДЫ – массовые комплексные учебно-спортивные мероприятия по альпинизму, объединённые общим руководством.

АЛЬПИНИЗМ – восхождение на горные вершины. Слово альпенизм происходит от названия Альп – высочайшей горной системы Западной Европы.

ВЕРЁВКА АЛЬПИНИСТСКАЯ – основное средство страховки альпиниста.


МУЗЕЙ АЛЬПИНИЗМА – основан в 1995 по инициативе школьного учителя-инструктора горного туризма В. Чепеля в Чапаевской птицефабрике Илийского района Алматинской области.

АЛЬПИНИСТСКИЙ ЛАГЕРЬ – учебно-спортивное учреждение для обучения альпинистов и совершенствования их спортивного мастерства.

КРЮЧКИ АЛЬПИНИСТСКИЕ – специальные металлические клинья, забиваемые в скальные трещины или лед.

АЛЬТИМЕТР (высота, метр) – прибор для определения высоты, действие которого основано на измерении атмосферного давления.

СОФТБОЛ АМЕРИКАНСКИЙ (малый бейсбол) – игра с мячом, представляющая собой разновидность бейсбола, приспособленного к условиям игры в помещении.



5-сурет. Альпинизм.

АМЕРИКА ФУТБОЛЫ – АҚШ-та, Канадада Америка құрлығының басқа да елдерінде кең тараған доп пайдаланылатын спорт ойыны.

АННАПУРНА (санскритше – асыраушы құдай әйел) – Гималай тауларының оңтүстік жотасына орналасқан биіктігі 8078 м. үлкен шың.

АНТРОПОМЕТРИЯ – спортшыны дәрігерлік бақылауда үлкен маңызы бар адамның дене бітімінің жетілуін зерттеу тәсілі.

АНТРОПОМЕТРИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ (грек. antrpos адам) – дене өлшемдерін оның ұзындығы мен шеңбер көлемін, оның салмаққа (бұлшық ет, сүйек, майлы тәннің салмаққа % есебіндегі қатысын), ӨСК (өкпе сиымдылығының көлемін),

АМЕРИКАНСКИЙ ФУТБОЛ – спортивная игра с мячом, наиболее распространенная в США, Канаде и некоторых других странах американского континента.

АННАПУРНА («Богиня, подающая пропитание» – санскритское) 8078 м. – горная вершина, расположенная в южном отроге главного Гималайского хребта.

АНТРОПОМЕТРИЯ – метод исследования физического развития человека, имеет большое значение во врачебном контроле спортсмена.

АНТРОПОМЕТРИЧЕСКИЙ КОНТРОЛЬ (греч. anthrops человек) – контроль за параметрами тела: его длиннотными и обхватными размерами, их соотношениями, весом, составом (количеством мышечной, костной, жировой ткани в % к общему

кеуде қанқасының жай тұрғандағы дем алып, дем шығарғандағы көлемін, жамбас, бел, мойын омыртқаларының, кеуде қанқасы (жай тұрғандағы), дене, қол, аяқ сүйектерінің, бір-бірлеріне арақатынасын өлшеп салыстырмалы бақылау.

АНТРОПОМЕТРИЯЛЫҚ СЫЗЫҚТАР – адам денесі мүшелері арасында екі жаққа бірдей нүктеде орналасқан тура сызық.

АҢ АУЛАУ СПОРТЫ – адамдардың денсаулығын нығайтуға әсері зор, демалыстың өте жақсы түрлерінің бірі.

АҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – жануарлар дүниесін (аң-құсты) дұрыс пайдалану мен оны сақтау, ғылыми, спорттық немесе шаруашылықты ұйымдастыру үшін аң аулауға бөлінген жерді пайдалану.

АҢШЫЛЫҚ ИТТЕРДІ БАҒУ – аң аулаудың көптеген түрлерінде пайдаланатын ит тұқымдарын көбейту, асылдандыру және қалыптастыру, олар: жүйрік, ізшіл, індеткіш иттер, тазылар болып бөлінеді.

АҢШЫЛАР ҮЙІ – аң аулау аумағында аңшылардың демалуы мен ыстық тағам дайындап ішуі үшін арнайы жабдықталған үй.

АҢШЫЛАР ҚОҒАМЫ – спорттық мақсатта аң аулаушыларды біріктіретін аңшылардың ерікті қоғамы.

АҢШЫЛЫҚ – мақсаты жабайы аңдар мен құстарды аулау болып табылатын, тіршілік етудің әлеуметтік-экономикалық және еңбек етудің түрі.

АҢШЫНЫҢ КИІМІ МЕН ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҒЫ – аң аулаудың маусымына және түріне байланысты, аңшы сол мезгілге сай ыңғайлы киініп, құрал-жабдықтарды ала білуге тиіс.

«АП!» – екеуара немесе топталып орындалатын жаттығуларды бастау алдында дыбыстап берілетін белгі.

АППЕРКОТ – бокста төменнен ұру. Көбінесе жақын арақашықтықта ұрыс салғанда қолданылады.

АРАҚАШЫҚТЫҚ – 1. Сөреден мәреге дейінгі қашықтық; 2. спортшының тұрған

весу тела), ЖЕЛ (жизненной емкостью легких), осанкой (привычной локальной позой, т.е. взаимным расположением некоторых звеньев тела, а именно – таза, поясничной и грудной частей туловища, пояса верхних конечностей и шеи).

ДИАМЕТРЫ АНТРОПОМЕТРИЧЕСКИЕ – расстояния между двумя определёнными симметрично расположенными точками тела человека.

ОХОТНИЧИЙ СПОРТ – является лучшей формой отдыха с действенным средством оздоровления людей.

ОХОТНИЧЬЕ ХОЗЯЙСТВО – определённый участок охотничьих угодий, закреплённый за спортивной, научной или хозяйственной организацией для сбережения и правильного использования фауны (животных и птиц).

СОБАКОВОДСТВО ОХОТНИЧЬЕ – разведение, улучшение и формирование пород собак, используемых в различных видах охоты; они разделяются на: гончие собаки, охотничьи лайки, борзые собаки и норные собаки.

ДОМИК ОХОТНИЧИЙ – дом, специально сооружаемый в охотничьей зоне, в котором можно отдохнуть, приготовить горячую пищу.

ОБЩЕСТВА ОХОТНИКОВ – добровольные организации охотников, объединяющие любителей спортивной охоты.

ОХОТА – социально-экономическая, трудовая форма жизнедеятельности, целью которой является добыча диких животных и птиц.

СНАРЯЖЕНИЕ И ИНВЕНТАРЬ ОХОТНИКА – в зависимости от сезона охотник должен уметь соответственно одеться, чтобы костюм его был удобным, с соответствующим инвентарём.

«АП!» – голосовой сигнал для начала выполнения упражнения в паре или группе.

АППЕРКОТ – удар снизу в боксе. Используется преимущественно в ближнем бое.

ДИСТАНЦИЯ – 1. Расстояние от старта до финиша. 2. Д. – расстояние от местона-

орнынан көздеген мақсатты жеріне дейінгі қашықтық; 3. жекпе-жектер, сәтіндегі қашықтық; 4. сапта тұрғандардың арасындағы алдыңғы қатардан келесі қатарға дейінгі бір адым немесе созылған қолдардың қашықтығы.

АРАҚАШЫҚТЫҚТАҒЫ АЙЛАКЕРЛІК (бокста) – кейін шегініп, қапталға бұрылып, оңға, солға еңкею, шалқайып кету арқылы боксшының алыс арақашықтықта қорғану мен шабуыл жасаудағы әдіс-айласы.

АРАҚАШЫҚТЫҚТЫ ҰСТАЙТЫН БОКСШЫЛАР – алыстан шабуыл жасауға, шабуылдан кейін бұрынғы арақашықтыққа қарсыласынан тез кетуге мән беретін боксшылар.

АРАЛЫҚ (қатарда тұрғанда) – сапта тұрғандардың бірінен екіншісіне дейінгі аралығы. Жинақы тұрғанда бірінің шынтағынан екіншісінің шынтағына дейінгі аралық төрт елі, алшақ тұрғанда 2-3 қадам.

АРМЯН ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ, ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫ МЕН ОЙЫНДАРЫ – біздің заманымызға дейін жеткен сол сияқты ауыз әдебиеті мен әдеби мұраларда сақталған ұлттық дене тәрбиесі мен ойындарына: навсард ойындары (жер өнімі құдайы Аманорға бағышталған спорт мерекесі), қимыл-қозғалысты командалық ойын – Берд, үстел ойындары – қасқыр талау, рез, ұлттық күрес – кох, ат спортының түрлері маканахах, чопонахах т.б. жатады.

АРНАЙЫ ШЫДАМДЫЛЫҚ – жаттығулар мен жарыс кезінде спортшының жоғары деңгейдегі жұмыс істеу қасиетін жоғалтпауы.

АСА АЛЫП СЛАЛОМ – (латын – super аса, және slalom) – үлкен және орташа бұрылыстары бар, ерлер мен әйелдер үшін сөре мен мәренің биіктіктері әртүрлі қарлы беткейдегі жолмен сырғанау.

АС ҚОРЫТУ – қабылдаған күрделі астың ішек пен қарын қуысында қорытылу қызметі.

хождения спортсмена до цели. 3. Д. – расстояние между спортсменами во время боя. 4. Д. – расстояние (в глубину) между стоящими в строю, обычно равна 1 шагу или длине вытянутой руки.

ДИСТАНЦИОННЫЙ МАНЁВР (в боксе) – маневрирование боксёра для защиты и удара на дальней дистанции с помощью отходов назад, в стороны, шагами в сторону с поворотом назад, вправо, влево.

БОКСЁРЫ ДИСТАНЦИОННОГО ПЛАНА – боксёры, предпочитающие атаковать с дальной дистанции и немедленно после атаки отходить от противника на ту же дистанцию.

ИНТЕРВАЛ (в строю) – расстояние между занимающимися по фронту. В сомкнутом строю интервал равен ширине ладони (между локтями), а в разомкнутом – обычно 2, 3 шагам.

АРМЯНСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ВИДЫ СПОРТА, ФИЗИЧЕСКИЕ УПРАЖНЕНИЯ И ИГРЫ – дошедшие до нас, а также отражённые в фольклоре и литературных источниках народные виды физического воспитания и игр: навсардские игры (спортивный праздник, посвящённый богу прародителю Аманору), подвижная командная игра – Берд, настольная игра – Волчья тама, рез, национальная борьба – кох, конные виды спорта маканахах, чопонахах и др.

ВЫНОСЛИВОСТЬ СПЕЦИАЛЬНАЯ – способность спортсмена проявлять в течение тренировок и соревнований высокий уровень работоспособности.

СУПЕРГИГАНТСКОЙ СЛАЛОМ – (от латын. super сверху и slalom) – разница высоты между стартом и финалом для мужчин и для женщин, различные маршруты снежной трассы включают в себя большие и средние повороты.

ПИЩЕВАРЕНИЕ – процесс превращения сложных пищевых веществ, происходящий в полости пищеварительного тракта.

АСПАЛЫ ЖОЛ – тау шаңғышысын сөреге дейін апаратын көтергіш құрылғы.

АС ТАҒАМДАРЫ – спортшының ас тағамдары көлемді емес және жеңіл қорытылатын, қуатты, әртүрлі болуға тиіс.

АСТЫНАН ҰРУ (боксте) – алыстан және жақын арақашықтықтан соғу болып бөлінеді.

АСЫҚ – үй жануарларының ешкі, қойлардың жілік буынындағы және т.б. асығы, ұлттық ойын А. ойнауға пайдаланылады.

АСЫҚ – қойдың, ешкінің асықты жілігінің буын сүйегімен ойналатын ойын.

АСЫЛ (арабша асиль – таза, қанды) – араб тұқымды, өте бағалы таза қанды сәйгүліктер.

АСЫЛЫП ТҰРУ (гимнастикада) – спортшының денесі қолдарымен (қолымен) ұстаған жерінен төмен тұратын қалып. А.т: көлденең, сініп, жатып, бір аяғына тіреліп, қайқайып, аралас, иіліп т.б. түрлері болады.

АСУ (бел) – жотадағы немесе сілемдегі шатқалдың бір жағынан екінші бетке өтуге өте ыңғайлы жер.

АТАУЛАР (спортта) – дене жаттығуларының, ол туралы жалпы түсініктерді, құрал-жабдықтардың және т.б. арнайы атауларының (терминдерінің) жинақталған жүйесі.

АТ ӘБЗЕЛДЕРІ – 1. атпен жұмыс істеу және оны басқару үшін жылқыға кигізілетін жабдықтар.

ЖАРЫСҚА АРНАЛҒАН АТ ӘБЗЕЛДЕРІ – 2. мініс аттарын үйретіп, жарыска қатыстырғанда пайдаланатын жабдықтар (терлік, жүген, тартпа, таралғы, үзеңгі, ноқта, айыл, құйысқан, жүген ауыздығымен т.б), жылқының басы байлаулы тұрғанда кигізіледі.

АТТЫ БАСҚАРАТЫН ӘБЗЕЛДЕР – шабандоз астындағы атын жүген, ауыздық, үзеңгі және дене қимылымен басқарады.

АТ ЖАРЫСЫ — әртүрлі аллюр, тоқтау сияқты міндетті қимыл-қозғалыс жаттығулары орындалатын ат үстіндегі жарыс.

ПОДЪЁМНИК ЛЫЖНЫЙ – подъёмное сооружение для доставки горнолыжника к старту.

ПРОДУКТЫ ПИТАНИЯ – питание спортсмена должно быть разнообразным, относительно небольшим по объему и легкоусвояемым, калорийным.

СНИЗУ УДАРЫ (в боксе) – подразделяются на длинные и короткие.

АСЫК – национальная игра с костями. Асыки – надкопытные кости ног домашних животных: овец, коз и т.д.

КОСТИ – игра в альчики суставной берцовой костью овцы, козы.

АЗИЛЬ (от араб.асиль породистый, благородный) – *чистокровная арабская* лошадь особо ценного происхождения.

ВИС (в гимнастике) – положение спортсмена, при котором его тело находится ниже хвата руками (рукой). Висы: горизонтальный, завесом, лёжа, опорой на одну ногу, прогнувшись, смешанный, согнувшись и т.д.

ПЕРЕВАЛ – место на гребне или хребте, наиболее удобное для перехода из одной долины с одной стороны на противоположную.

ТЕРМИНОЛОГИЯ (в спорте) – система специальных наименований (терминов), предназначенных для обозначения физических упражнений, общих понятий, названия снарядов, инвентаря и т.п.

КОНСКОЕ СНАРЯЖЕНИЕ – приспособление, надеваемые на лошадь для работы на ней и управления ею.

БЕГОВАЯ УПРЯЖЬ – применяется при тренинге и испытаниях рысаков. Беговую упряжку надевают на стоящую на развязке лошадей в определенном порядке. (потник, подпруга, капсюль, уздечка с удилами, трензель, мартингал, шорка, вожжи).

СРЕДСТВА УПРАВЛЕНИЯ ЛОШАДЬЮ – всадник управляет лошадью поводьями, шенкелями и движениями корпуса.

ВЫЕЗДКА – сравнивания на лошадях, когда участники выполняют обязательные упражнения, включающие в себя движения различными аллюрами остановками.

АТ ЖЕГУ – қазақ халқының ұлттық ат спорты түрлерінің бірі. Атты жеңіл арбаға тез жегіп белгіленген межеге дейін жарысады.

АТ ҚҰЛАҒЫНДА ОЙНАУ – үлкен шеберлікпен ат үстінде өнер көрсету.

АТЛЕТИЗМ (қара: бодибилдинг).

АТ ОМЫРАУЛАСТЫРУ – қазақ халқының ұлттық ат спорты түрлерінің бірі, Шеңберінің көлденеңі 10-15 м. келетін дөңгелек алаңға екі шабандоз астындағы аттарын омырауларымен итерістіріп, бірін-бірі шеңберден шығаруға тиіс.

АТ СПОРТЫ – ат үстіндегі әртүрлі жүрістер мен жаттығулар. Оған атқа шабу, кедергілерден өту, үшсайыс, бәйге және кросс, көпкүндік шабыс, жігіт өнері, вольтижировка, ат спорты ойындары, күймемен жүру т.б. жатады.

АТ СПОРТЫ ЖАРЫСТАРЫ (классикалық түрлері) – ат спорты Халықаралық қауымдастығының (ФЭН) талаптарына сәйкес жарыс тәртібі бойынша өткізіледі.

АТ СПОРТЫ МЕКТЕБІ – ат спорты клубтары және үйірмелермен қатар, ат спортымен айналысуды ұйымдастырудың негізгі түрі.

АТ СПОРТЫ ОЙЫНДАРЫ – ерте заманнан бері ат спортының түрлері жақсы дамыған елдердегі ұлттық мерекелер мен тойлардың ажырамас бөлігі, А.с.о. спортшы-шабандоздарды дайындаудың пәрменді құралы болып табылады.

АТТАУ (бокста) – бір аяқ қозғалмай орынында қалып басқа аяқпен бір қадам жасау.

АТЫС АЛАҢЫ – ұшатын нысананы бытыралы мылтықпен көздеуге арнайы жасалған орын.

АТУДЫ БЕЛГІЛЕУ – ату сәтіндегі көздеу нүктесіне қатысты қарауылдың қалпын көріп қабылдау.

АТУҒА ДАЙЫНДАЛУ (нысана көздеу спортында) – жарыс ережесіне сай

АТ ЖЕГУ – казахский национальный вид конного спорта. Участники соревнуются на скорость запрягания лошадей и езды на повозках до условленного финиша.

ДЖИГИТОВКА – упражнения на лошади, требующие большой сноровки.

АТЛЕТИЗМ (см: бодибилдинг).

АТ ОМЫРАУЛАСТЫРУ – казахский национальный вид конного спорта. Разновидность борьбы всадников. На ровной площадке чертят круг диаметром 10-15 м, в который въезжают 2 участника соревнований и вытесняют друг друга.

КОННЫЙ СПОРТ – различные виды езды и упражнений на лошадях. Включает выездку лошадей, преодоление препятствий, троеборье, скачки и кроссы, пробеги, джигитовку и вольтижировку, конноспортивные игры, спортивную езду в экипажах и т.д.

КОННОСПОРТИВНЫЕ СОРЕВНОВАНИЯ (классические формы) – проводят по правилам, которые соответствуют требованиям Международной федерации конного спорта (ФЭН).

КОННОСПОРТИВНАЯ ШКОЛА – наряду с конноспортивными клубами и секциями – основная форма организации занятий конным спортом.

ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ШАПШАҢДЫҒЫ – дененің (немесе бір мүшенің) қашықтықты өту жолына, оған кеткен уақыттың арақатынасы.

ҚОЗҒАЛЫСТЫҢ ҰЗАҚТЫҒЫ – жаттығуларды орындауға кететін уақыт.

ҚОЗДЫРҒЫШ (ағыл. doping, dope — есірткі беру) – тәнге сіңірген жағдайда тез және азғана уақытқа есірік күйге түсіріп, дене мен жүйкенің белсенділігін күшейтетін формокологиялық немесе басқа да химиялық заттар.

ҚОЙЫЛТПА – қойытылған будың сұйыққа айналуы; альпинизмде тығыз қымталған шатырдың ішінде ұйықтаған адамдардың дем алысынан немесе оттегі маскасынан шыққан будың суға айналуы.

ҚОЛ АЛЫСУ (бокста) – боксшылардың бір-бірлерін жек көрмей, жекпе-жекті жарыстың ережесіне сәйкес өткізуге әзір екендіктерін білдіретін достық рәсімінің белгісі.

ҚОЛҒАПТАРДЫ ТЕКСЕРУ (бокста) – жарыс ережесінде сәйкес қарастырылған рәсім. Боксшы рингке көтерілгенге дейін

ворение потребности людей в лечении различных травм, ушибов, психологических срывов в результате стрессовых ситуаций и т.п.

БЕЗОПАСНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ – в местах проведения автомобильных и мотоциклетных соревнований принимаются дополнительные меры по обеспечению безопасности движения, заключающиеся в правильном выборе трассы и оборудовании её в соответствии с характером соревнования; охране трассы; организации связи по трассе; подготовке средств противопожарной безопасности, медицинской скорой помощи.

СИЛА ДВИЖЕНИЯ – мера физического воздействия движущейся части тела (или всего тела) на какие-либо материальные объекты.

ТЕМП ДВИЖЕНИЯ – частота относительно равномерного повторения каких-либо движений.

СКОРОСТЬ ДВИЖЕНИЯ – отношение длины пути, пройденного телом (или какой-то частью тела), к затраченному на этот путь времени.

ДЛИТЕЛЬНОСТЬ ДВИЖЕНИЯ – время, затраченное на выполнение движений.

ДОПИНГ (англ doping, от dope – давать наркотики) – фармакологические или другие химические средства, которые при введении в организм резко и кратковременно стимулируют физическую и нервную активность,. вызывают допинговые состояния.

КОНДЕНСАТ – жидкость, образующаяся при конденсации пара; в альпинизме – от дыхания людей в плотно закрытой палатке во время сна или в кислородной маске.

ПОЖАТИЕ РУК (в боксе) – дружеский жест, обозначающий, что боксёры будут вести бой по спортивному, в соответствии с правилами, не испытывая неприязни друг к другу.

КОНТРОЛЬ ПЕРЧАТОК (в боксе) – процедура, предусмотренная правилами соревнований. Перчатки должны надеваться

жекпе-жектерді өткізуге киілетін қолғаптарды, оларға қойылатын барлық талаптарға сәйкес, ресми екі маманның байқап тексеруі.

ҚОЛДАН ТЫНЫС АЛДЫРУ – запа шеккендердің бұзылған тыныс алу жүйесін қалпына келтіру, өкпені қолдан желдету сияқты әдістердің жиынтығы.

ҚОЛ ДОБЫ (ағыл. handball hand-қол және ball — доп) – спортшылар бір-бірлеріне допты тек қана қолдарымен әуелетіп тастап, оны қарсыластарының қақпа сөгуға тырысатын командалық спорт ойыны.

ҚОЛДЫ ЖАТТЫҚТЫРУ (бокста) – боксшының оң және сол қолдарымен қарсыласының басы мен денесіне екпінді әрі озара байланысқан соққылар жұмсауы және қорғаныс амалдарын қолдануы.

ҚОЛ ҚИМЫЛЫ (гимнастикада) – бір немесе екі қолдың бір қалыптан екінші қалыпқа ауысуы.

ҚОЛТЫҚҚА ӨТУ (күресте) – белдесу кезінде қолтықтың астынан өтіп қарсыласының қапталынан немесе сырт жағына шығып кететін балуанның әрекет-амалы.

ҚОМ ЕР – жүкті арту үшін қолданылатын ер. Қом ер салған аттың арқасына жүк батпайды, жақсы жайғасады, екі жаққа тең орналасады.

ҚОРАП (спорттық қаруда) – винтовка немесе пистолеттің оқтары салынатын осы қарулардың бір бөлігі болып табылатын жабдық.

ҚОРҒАҒЫШ (отты қаруда) – соққы беретін дүмпіні тежеп ұстайтын тетік.

ҚОРҒАНУ ҚАЛҚАНШАЛАРЫ – футбол, хоккей және т.б. спорт ойындарында аяқты соққылардан қорғау үшін қолданатын жабдық.

ҚОРҒАНЫС ҚАЛТАСЫ – жыныс мүшелерін зақымданудан сақтайтын қатты қалқан.

ҚОРҒАНЫС МӘНЕРІНДЕГІ БОКСШЫ – қарсыласының шабуылын тежеп осы

под контролем двух квалифицированных официальных представителей, которые обязаны обеспечить все требования, предъявляемые к перчаткам для проведения соревнований, до выхода боксера на ринг.

ИСКУССТВЕННОЕ ДЫХАНИЕ – ряд приёмов для осуществления искусственной вентиляции легких и восстановления нарушенного дыхания пострадавшего.

ГАНДБОЛ (ручной мячь) (англ. handball, hand – рука и ball — мяч) – командная спортивная игра, в которой спортсмены, передавая мяч партнерам по воздуху только руками, стремятся забросить его в ворота соперника.

РАБОТА РУК (в боксе) – активные и согласованные ударные действия левой и правой рукой боксёра в голову и туловище соперника; различные виды защит, выполняемые с помощью рук.

ДВИЖЕНИЯ РУКАМИ (в гимнастике) – перемещение одной или обеих рук из одних положений в другие.

НЫРОК ПОД РУКУ (в борьбе) – действие борца во время схватки при выполнении которого он проходит под рукой противника и оказывается сбоку или сзади него.

ВЬЮЧНОЕ СЕДЛО – специальное седло для перевозки вьюков. Позволяет симметрично и равномерно распределять груз на спине животного и прочно закреплять его.

МАГАЗИН (в спортивном оружии) – одна из частей винтовки или пистолета, служащая для помещения нескольких патронов.

ПРЕДОХРАНИТЕЛЬ (в оружии) – приспособление, запирающее спусковой механизм.

ЩИТКИ ЗАЩИТНЫЕ – служат для предохранения ног от ударов при игре в футбол, хоккей и другие спортивные игры.

РАКОВИНА ЗАЩИТНАЯ – жёсткий щиток, предназначенный для защиты половых органов от повреждений.

БОКСЁР ОБОРОНИТЕЛЬНОГО СТИЛЯ - спортсмен, ведущий поединок с такти-

арқылы оны шаршату тәсілімен жекпежек жүргізетін боксшы.

ҚОРҒАУ, ҚОРҒАНЫС (спортта) – 1. спортшының немесе команданың қарсыласының шабуылын тойтарып, оған басымдылық бермеу; 2. Спорт ойындарында қарсы команданы өзінің қақпасына (шығыршығына) жақындатпау мақсатындағы әрекет.

ҚОРҒАУШЫ – спорт ойындарында (мыс., футболда, хоккейде, гандболда, су добында т.б. басты мақсаты өз қақпасына (баскетболда өз шығыршығына) қарсы команданың шабуылшыларын жақындатпау міндеті жүктелген ойыншы.

ҚОРШАУ – ағаш қалыпқа тығындап бекітілген шабықтардан жасалған қабырға.

ҚОРШАУ ТОРЫ (жеңіл атлетикада) – балға лақтыру кезінде лақтыру алаңын қоршайтын темір тор.

ҚОРШАУ ҚАЛТҚЫЛАРЫ – өзендер мен көлдердегі жағдайларда шомылушы көпшіліктің жүзуін шектеуші жабдықтар.

ҚОРЫҚ – әртүрлі шарларды үйымдастыру арқылы жабайы аңдар мен құстардың санын басқа да табиғи байлықтарды сақтау мен молайту мақсатында белгілі бір уақыт аралығында ешкімнің тиісуіне рұқсат берілмейді деп жарияланған бөлекше аумақ.

ҚОРЫТУ – атқарылған жұмыстардың барысын талдап тұжырымға келу.

ҚОРЫТЫНДЫ БАҒА – сандық немесе сапалық белгі түрінде берілетін ақырғы нәтиже.

ҚОСАҚТАЛУ (альпинизмде)– бірбірлерін қауіпсіздендіру үшін бір арқанмен қосақталып белгіленген бағыт бойынша жүрген спортшылардың тобы.

ҚОСАЛҚЫ ЖОЛ (тректегі велосипед жарыстарында) – трек жолындағы бақылау – өлшеу сызығының сол капталындағы ашық алаң.

ҚОСАЛҚЫ ҚҰРАМ – команда сапындағы ойыншылардың екінші қосалқы тобы.

ческой установкой на сдерживание атакующих действий и изматывание соперника.

ЗАЩИТА (в спорте) – 1. Действия спортсмена или команды, имеющие целью отразить нападение противника, не дать ему возможности добиться преимущества. 2. В спортивных играх, главная задача которых заключается в обороне подступов к своим воротам (корзине).

ЗАЩИТНИК – игрок команды в спортивных играх (напр., в футболе, хоккее, ручном мяче, водном поло и т.д.), главная задача которого заключается в обороне подступов к своим воротам (в баскетболе – подступов к своей корзине).

ХЕРДЕЛЬ – забор из прутьев, плотно набитых в деревянную раму.

ПРЕДОХРАНИТЕЛЬНАЯ СЕТКА (в лёгкой атлетике) – жёсткая сетка применяется для ограждения круга для метания молота.

ПЛАВУЧЕЕ ОГРАЖДЕНИЕ – элемент оборудования пляжей и купален массового пользования на реках и озерах.

ЗАКАЗНИК – отдельная территория охотничьих угодий, объявленная неприкосновенной на определенный срок с целью сбережения и увеличения численности дичи или других природных богатств путем проведения на ней различных мероприятий.

ОБОБЩЕНИЯ – полученный вывод в процессе изучения проблемы.

ИТОГОВАЯ ОЦЕНКА – конечный результат, который даётся в количественной или качественной форме.

СВЯЗКА (в альпинизме) – группа спортсменов, двигающихся по маршруту с использованием одной веревки для страховки друг друга.

ДОРОЖКА НЕЙТРАЛЬНАЯ (на треке велосипедном) – пространство на полотне трека слева от контрольной измерительной линии.

ДУБЛИРУЮЩИЙ СОСТАВ – второй, резервный, состав игроков, объединенных в команду.

ҚОСАРЛАНҒАН СОҚҚЫ (бокста) – бірінің соңынан бірі өте тез жасалатын екі соққы.

ҚОСАЛҚЫ АРҚАН (репшнур) – жуандығы 6-8 мм. капрон немесе нейлоннан өрілген (негізгі жіпарқан сияқты) қосымша бөліктерді және әдістерді ұйымдастыруға арналған жабдық. Қауіпсіздік үшін қолданылмайды.

ҚОСАРЛАП АТУ – мылтықтың екі оқпаннан бір сәтте немесе бір сәтке жуық арада атып екі атыстың үні жалпы бір дыбысқа ұласқан сәт.

ҚОСҚАБАТ ЕСЕП – жалпы есебі екі команда үшін де қатар есепке алынатын спорт жарыстарының өткізілуі.

«ҚОСҚОЛДЫ БОКСШЫ» – оң қолмен де, сол қолмен де бірдей күшті соққылар жасай алатын боксшы. «Қосқолды» боксшы болу жекпе-жекті өткізу тәсілін жақын арақашықтыққа құра алатын боксшылар үшін өте пайдалы.

ҚОСАРЛАП ҰРУ (бильярдта) – екі ернеуге бірдей соғылып қайтатын шар.

ҚҰЛАУ (суға секіруде) – суға секірумен жаттыққан кезде суға дұрыс енуді үйрену үшін орындалатын жаттығу.

ҚҰЛАШТАП ЖҮЗУ – ең шапшаң әрі кең тараған спорттың жүзу әдісі.

ҚҰМ ТЫҒЫЗДАЛҒАН ТҰЛЫП – іші тұралған синтетикалық заттармен, шие дәнімен немесе құммен толтырылған сопақша келген былғары жабдық.

ҚҰНАН БӘЙГЕ – қазақтың ұлттық ат спорты түрлерінің бірі. Тісіне қарап жасын төрешілер алқасы анықтайтын үш жастағы құнандар арасындағы қысқа қашықтыққа шабатын бәйге.

ҚҰРАЛДЫ БАЙҚАУ – спорттық гимнастикада жарыс тәртібіне сәйкес баға алу үшін жаттығулар орындалатын құралдарды әр гимнастың алдын ала сынап (бой үйретіп) көруі.

ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ (мүкамал, спортта) – спортшыларды үйретуге арналған залда немесе жаттығу алаңдарында болатын арнайы құралдар.

ДВОЙНЫЕ УДАРЫ (в боксе) – два быстро следующих один за другим удара.

ВЕРЁВКА ВСПОМОГАТЕЛЬНАЯ (репшнур) — капроновая или нейлоновая плетёная верёвка (как и основная верёвка), сечением 6-8 мм, служит для организации вспомогательных узлов и приёмов. Для страховки не применяется.

СДВОЕННЫЙ ВЫСТРЕЛ – выстрел из обеих стволов ружья одновременно или почти одновременно, когда звуки от обоих выстрелов сливаются в один общий звук.

ПАРАЛЛЕЛЬНЫЙ ЗАЧЁТ – проведения спортивных соревнований для определения общих итогов для двух команд.

«ДВУРУКИЙ БОКСЁР» – боксёр, умеющий бить одинаково сильно как правой, так и левой рукой. Двурукость очень ценится у боксёров, основывающих свою тактику боя на ближней дистанции.

ТРИПЛЕТ (в бильярде) – отражение шара от двух бортов.

СПАД (в прыжках в воду) – подводящее упражнение, применяемое при изучении прыжков для совершенствования входов в воду.

КРОЛЬ – самый быстрый и наиболее популярный спортивный способ плавания.

ГРУША НАСЫПНАЯ – конусообразный кожаный снаряд, наполненный песком, вишневыми косточками или рубленым синтетическим материалом.

КУНАН БАЙГА – казахский национальный конный вид спорта. Скачка на короткую дистанцию лошадей-трехлеток, возраст которых по зубам определяет судейская комиссия.

ОПРОБОВАНИЕ СНАРЯДА – время, установленное правилами соревнований по спортивной гимнастике, когда каждый гимнаст имеет возможность проверить (опробовать) снаряд, на котором предстоит выполнять упражнение на оценку.

ИНВЕНТАРЬ (спортивный) – специальное оборудование зала или тренировочной площадки, предназначенное для обучения спортсмена.

ҚҰРҒАҚ ПАРТИЯ (немесе ойын) – жеңілген ойыншы қарсыласынан бір де ұпай ала алмай немесе шар түсіре алмай ұтылған партия.

ҚҰРҒАҚТАҒЫ ТҰҒЫР – суға секірудің әдістерін меңгеру үшін құрғақ жерге орнатылған оқу-жаттығу серпілмесі.

ҚҰРҒАТУ ЖҮЙЕСІ – футбол басқа да спорт алаңдарының астындағы осы алаңдарға жиналған суды ағызу үшін арнайы қазылып, мөлдек таспен толтырылған арықтар.

ҚҰРАМА КОМАНДА– жарыстарда ауданның, облыстың, республиканың намысын қорғайтын күшті спортшылардың тобы.

ҚҰРМЕТ КӨРСЕТУ (сайыста) – сайыс бастаған және аяқтаған кезде қаруды жоғары көтеріп төреші мен қарсыласын құрметтеу рәсімі.

ҚҰРЛЫҚАРАЛЫҚ ЧЕМПИОН – кейбір WBC және IBF сияқты кәсіби боксшылар ұйымдары спортшының қай құрлықта тұратындығына қарамай рейтинг бойынша екінші ондыққа жататын боксшылардың арасында сарапқа салынатын атақ.

ҚҰСБЕГІ – қыран құстарды аңға түсуге үйрететін маман

ҚҰТҚАРУ КҰРТЕШЕСІ – су өтпейтін тығыз матадан тігілген екі қабатты жеңіл киім. Оның қабаттарының арасында және жағасындағы арнайы қалдырылған бос қуысқа суға батпайтын зат салынады.

ҚҰТҚАРУ ҚЫЗМЕТІ – таулы аудандарда кездейсоқ жағдайларға тап болудың алдын алу және оларға жедел жәрдем көрсету үшін құрылатын ұйым.

ҚЫЗБАЛАНУ – психикалық құбылыс, оны дұрыс бағалай білудің бір түрі, адамның өзін қоршаған ортаның әсеріне жауап беретін көңіл-күйі.

ҚЫЗ ЖАРЫС – қазақтың ұлттық ат спорты түрі, 1600 м. және 2000 м. қашықтыққа тек қана қыздар қатысатын атшабыс.

ҚЫЗ ҚУУ – қазақтың ұлттық ат спорты ойыны. Алдымен жігіт қызды қуып жетуге

СУХАЯ ПАРТИЯ (или игра) – проигранная партия, в которой проигравшему игроку не удалось сыграть ни одного очка или шара.

СУХОЙ ТРАМПЛИН – учебно-тренировочный трамплин, установленный на суше для освоения техники прыжков в воду.

ДРЕНАЖНАЯ СЕТЬ – система канав, заполненных щебёнкой и расположенных под футболными и другими спортивными полями и площадками. Служит для отвода поверхностных вод с этих полей и площадок.

СБОРНАЯ КОМАНДА – коллектив сильнейших спортсменов, представляющий республику, область, район на соревнованиях.

САЛЮТ (в фехтовании) – спортивное приветствие оружием судей и партнера перед началом и после окончания боя.

ИНТЕРКОНТИНЕНТАЛЬНЫЙ ЧЕМПИОН – титул, который разыгрывается в некоторых международных профессиональных боксёрских организациях, напр., WBC и IBF между боксёрами, входящими во второй десяток рейтингов разных континентов.

КУСБЕГИ – специалист, обучающий охотничьих ловчих птиц.

СПАСАТЕЛЬНЫЙ ЖИЛЕТ – двухслойная куртка-безрукавка из плотной водонепроницаемой ткани, между слоями которой и в воротнике в специальных полостях находится плавучий материал.

СПАСАТЕЛЬНАЯ СЛУЖБА – организация, создаваемая в горных районах для предупреждения несчастных случаев и оказания помощи терпящим бедствие.

ЭМОЦИИ – психический процесс переживания человеком его отношения к окружающему миру, одна из форм отражения объективной действительности.

КЫЗ-ЖАРЫС – казахский национальный конный вид спорта. Гладкая скачка на дистанции на 1600 м. и 2000 м., в которой участвуют только девушки.

КЫЗ КУУ (догони девушку) – казахская национальная игра. В первом случае жигит

тиісті. Егер ол осылай жасай алса жеңіске жетті деп есептеледі де, шауып келе жатқан бетте қызды құшақтап сүюге ерікті. Ал қыз қайтар жолда жігітті қуып жетсе, ол жеңімпаз болып есептеледі де, ебі жоқ бозбаланы қамшының астына алуға тиісті. Қашықтық 400-500 м.

ҚЫЗ-ҚУУМАЙ – қырғыздың ұлттық ат спорты ойыны, қызды қуып жету.

ҚЫЛҚАЙЫҚ – 1,2,4 ескекшіге арналған тесік-орындары, қақпағы бар, үсті жабық спорттық еспе қайық.

ҚЫЛЫШ (эспадрон) – шанышатын әрі кесетін сайыс қаруы. Болат жүзі өрнекті, жүзінің жалпақ жағының екі қапталында ұзыннан-ұзақ батыңқы із бар.

ҚЫЛЫШТАСУ – қазақ сарбаздары мен батырларының шабатын және кесетін қаруы — қылышты қолданудың әдісін жетік меңгеруге арналған әскери сайыс өнері.

ҚЫРҒЫЗДЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ, ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ ЖӘНЕ ОЙЫНДАРЫ – көбісі қазақ халқының ұлттық спорт түрлері, дене тәрбиесі және ойындарына ұқсас (ат чабыш, жорга салыш, жамбы атмай, қыз-куумай, одарыш, тиын эпмай, улак-тартыш, тоғуз-кумалак), қимыл-қозғалыс ойындары — ордо, ак чолмок және т.б.

ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДА ЖҰМЫС ЖАСАУШЫ – қыска толқындарда жұмыс жүргізетін әуеской радиоспортшы.

ҚЫСҚА ТОЛҚЫНДАР (ҚТ радиоспортта) – ұзындығы 10-нан 40 м. дейінгі электромагнитті толқындар.

ҚЫСҚЫ ОЛИМПИЯЛЫҚ ОЙЫНДАР – жазғы Олимпиялық ойындар өткеннен кейін 2-ші жылы 4 жылда 1 рет Халықаралық Олимпиялық комитет өткізетін спорттың қысқы түрлерінен кешенді жарыстар. ҚОО-дың тарихы 1924 жылдан (Шамони, Франция) басталады.

ҚЫСҚЫ СТАДИОН – спорттың конькимен мәнерлеп сырғанау, хоккей, шаңғы-

старается догнать девушку. Если ему удается это сделать, он считается победителем и ему предоставляется право на скаку поцеловать девушку. Если же девушке на обратном пути удается догнать жигита, она считается победительницей и ей предоставляется право бить камчой (плетью) нерасторопного юношу. Дистанция 400-500 м.

КЫЗ-КУУМАЙ – кыргызский конный вид спорта – погоня за девушкой.

БАЙДАРКА (каяк) – гребное спор-тивное судно, закрытое сверху декой (палубой), в которой прорезаны кокпиты (люки) для 1,2,4 гребцов.

САБЛЯ (эспадрон) – спортивное колющее и рубящее фехтовальное оружие. Клинок стальной, фигурного сечения, с продольными пазами на боковой, широкой части клинка.

КЫЛЫШТАСУ – боевое искусство казахских сарбазов (батыров), основанное на виртуозном владении техникой фехтования рубящим, режущим оружием, называемым кылыш (сабля).

КЫРГЫЗСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ВИДЫ СПОРТА, ФИЗИЧЕСКИЕ УПРАЖНЕНИЯ И ИГРЫ – многие сходны с казах-скими национальными видами спорта; физическим упражнениям и играм (ат чабыш, жорга салыш, жамбы атмай, кыз-куумай, одарыш, тиын энмай, улак-тартыш, тогуз-кумалак) и типа подвижных игр как – ордо, ак чолмок и др.

КОРОТКОВОЛНОВИК – радиолюбитель-спортсмен, ведущий работу на коротких волнах.

КОРОТКИЕ ВОЛНЫ (КВ в радиоспорте) – электромагнитные волны длиной от 10 до 40 м.

ЗИМНИЕ ОЛИМПИЙСКИЕ ИГРЫ (ЗОИ) – комплексные соревнования по зимним видам спорта, проводимые Международным Олимпийским комитетом (МОК) 1 раз в 4 года – через год проведения летних Олимпийских игр. История ЗОИ ведется с 1924 г. (Шамони, Франция).

ЗИМНИЙ СТАДИОН – комплексное сооружение, предназначенное для занятий и

мен жарысу шапшаң түсу, слалом, бобслей, скелетон, тұғырдан шаңғымен секіру т.б. қысқы түрлерінен жаттығулар мен жарыстар өткізуге арналған жан-жақты күрделі құрылыс. Қысқы стадиондар көбінесе жол көлігімен оңай жететін табиғаты әсем, таулы аймақтарда салынады. Қысқы стадионның үлгісі ретінде Картина Д'Ампеццоны (Италия) Скво-Вэллиді (АҚШ), Санкт-Мористі (Швеицария), Медеуді (Қазақстан Республикасы) және т.б. алуға болады.

соревнований по основным зимним видам спорта: конькобежному, фигурному катанию на коньках, хоккею, лыжным гонкам, скоростному спуску, слалому, бобслею, скелетону, прыжкам на лыжах с трамплина и т.д. Зимние стадионы обычно строятся в красивой горной местности, имеющей хорошие транспортные подъезды. Примером могут служить зимние стадионы. в Кортина Д'Ампеццо (Италия), Скво-Вэлли (США), Санкт-Морице (Швейцария), Медеу (Республика Казахстан) и другие.

Л

ЛАГ – қайықтың өткен жолымен шапшаңдықты өлшейтін аспап.

ЛАГЕРЬ — әдетте ашық аспанның астына орналасатын шатырлардан құрылған уақытша аялдама. Лагерлер альпинистердікі, туристердікі, жаттығу, жорықтар, спорттық-тынығу, үйрену үшін болып бөлінеді.

ЛАГЕРЬ БАЗАСЫ – альпинистік жорықтардағы негізгі лагерь.

ЛАҚТЫРУ АЛАҢЫ (жеңіл атлетикада) – аумағына спорт жабдығының түсуі есепке алынатын лақтыруға (серпуге) арналған алаң.

ЛЕВЕР-ПОНГ (сүңгімен соғу) – бірінен соң бірі сол қолмен басқа тез бағытталатын екі соққы. Соққының осылайша аталуы оның ерекше күшінде емес, күтпеген жерден жасалатындығында.

ЛЕК – жаттығу жасаушылардың бірінің соңынан бірі желкелерінен қарап тұрған сап. Лекте саптың ұзына бойы енінен үлкен немесе онымен тең болады (парадтарда). Лектер бір, екі, үш және т.с.с. болуы мүмкін.

ЛИГХ – негізі 1908 жылы қаланған шайбалы хоккейден халықаралық лига.

ЛИМФА ЖҮЙЕСІ – лимфа капиллярлары мен тамырларынан тұратын және солардың бойымен жүрекке қарай түссіз сұйық зат (лимфа) ағатын тәннің түтікше тамыр жүйесінің бөлігі.

ЛИТВАНДАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРЛЕРІ МЕН ДЕНЕ ЖАТТЫҒУЛАРЫ

ЛАГ – прибор для измерения скорости и пройденного пути яхты.

ЛАГЕРЬ – временная стоянка, обычно под открытым небом, в палатках. Бывают лагеря: альпинистский, туристский, тренировочный, походный, спортивно-оздоровительный, учебный и т.д.

БАЗОВЫЙ ЛАГЕРЬ – основной лагерь альпинистской экспедиции.

СЕКТОР ДЛЯ МЕТАНИЯ (в лёгкой атлетике) – площадь для метания, в пределах которой допускается падения спортивного снаряда.

ЛЕВЕР-ПОНГ («удар ломом») – состоит из двух быстро следующих друг за другом свингов левой рукой в голову; свое название этот удар получил не за какую-то исключительную силу, а за внезапность.

КОЛОННА – строй, в котором занимающиеся расположены в затылок друг другу. В колонне глубина строя больше ширины или равна ей. Колонны могут быть по одному, по два, по три ряда и т.д.

ЛИГХ – Международная лига хоккея с шайбой. Основана в 1908 г.

ЛИМФАТИЧЕСКАЯ СИСТЕМА – часть сосудистой системы организма; она состоит из лимфатических капилляров и сосудов, по которым течет лимфа в направлении к сердцу.

ЛИТОВСКИЕ НАЦИОНАЛЬНЫЕ ВИДЫ СПОРТА, ФИЗИЧЕСКИЕ УПРАЖНЕ-

ЖӘНЕ ОЙЫНДАРЫ – жиргу линктенес (ат бәйгесі), кирвис (балта лақтыру), мүшкутас (орыс қашағына ұқсас ойын), растинис (көгалдағы хоккейге ұқсас ойын), раетинес (ұлттық күрес), сюбуоянитис стие бас (судағы ойын), мушимас, аудееле, агуонеле, линялис, шяшкогау – димас т.б.

«ЛОКОМОТИВ» – теміржол транспорты кәсіподақтарының ерікті спорт қоғамы. 1945 ж. құрылған.

ЛОЦИЯ – қайықтардың (кемелердің) суда жүзуі, теңіздер, су жолдары, жүзу сапарлары мен жағалаулар туралы ғылым.

ЛХОЦЗЕ (тибетше – оңтүстік шың) – екі шыңнан (негізгісі 8545 м. шығыстағы кішісі 8150 м.) тұратын орталық Гималайда Макалу мен Джомолунгманың арасындағы сегізмыңдықтар.

ЛЯКРОСС (ағыл. lacrosse, франц. la crosse — таяқша) – қалақша таякпен ойнайтын командалық спорт ойыны. Канадалық үндістерден тараған бұл ойын 1904 және 1908 жылдары олимпиялық ойындардың бағдарламасына енді.

НИЯ И ИГРЫ – жиргу линктенес (конные скачки), кирвис (метание топора), мушкутас (командная игра, напоминающая русскую лапту), ратинис (игра, похожая на хоккей на траве), ристинес (национальная борьба), собуянтис стисбас (игра в воде), тетервино мушимас аудееле, акуония, линялис, шяшкогау-димас и др.

«ЛОКОМОТИВ» – добровольное спортивное общество профессионального союза рабочих железнодорожного транспорта. Основано в 1945 г.

ЛОЦИЯ – часть науки о судовождении. Описание морей, водных путей и побережий для нужд судовождения.

ЛХОЦЗЕ («Южный пик» – тибетское название) – восмитысячник (гл. вершина 8545 м, восточная 8150 м), расположенный в Центральных Гималаях между Макалу и Джомолунгмой.

ЛЯКРОСС (англ. lacrosse, от франц. la crosse – клюшка) – спортивная командная игра в мяч с ракеткой-клюшкой. Произошла от игры канадских индейцев. В 1904 и 1908 г.г. входила в программу Олимпийских Игр.

М

«М» – желкен спортында жарысқа түсетін швертботтар тобындағы қайықтардың бір түрі.

МАГНИТТІ КӨРСЕТКІШ ТАҚТА – спорт ойындарында тәсілдерді көрсету үшін сабақтарда пайдаланатын жиналмалы немесе тұтас тақта.

МАДАҚТАМА – жеке спорт түрлері (команда) бойынша жеңіске жеткен спортшыларға, жаттықтырушыларға, дене тәрбиесі оқытушыларына, төрешілерге, ұйымдастырушыларға, дене тәрбиесі қызметкерлеріне берілетін құрметті құжат.

МАЗАСЫЗДАНУ (ағыл. stress шамадан тыс күш түсу) – қолайсыз жағдайлардың әсерінен туындаған күшті өзгірістерге карсы тәнде пайда болатын қорғаныс кабілетінің ерекше жинақталуы.

«М» – один из видов свободного класса гоночных швертботов в парусном спорте.

ДОСКА МАГНИТНАЯ ДЕМОНСТРАЦИОННАЯ – складной или цельный плоский щит, применяемый в спортивных играх для занятий по тактике.

ГРАМОТА – почётный документ, которым награждаются за спортивные победы отдельные спортсмены и команды по видам спорта, тренеры, преподаватели, физкультурные работники, отдельные коллективы.

СТРЕСС (англ. stress – напряжение) – состояние, характеризующееся специфической совокупностью защитных реакций организма, вызываемых сильным воздействием неблагоприятных факторов.

МАЙЛАР – глицериннің күрделі эфирі мен май қышқылының қоспасы. Негізгі коректік тағамдардың бірі болып табылады.

МАКАЛУ (тибетше Кама-Лунгдце; 8470 м) – Арун өзені басталатын үлкен Гималайдың жотасындағы шың.

МАККАБИ – еврейлердің гимнастикалық және спорт қауымдастығының дүниежүзілік бірлестігі.

МАК-КИНЛИ – Солтүстік Американың Кордильер тауындағы ең биік шың (6193 м.).

МАҚСАТ – істің соңғы нәтижесін болжаммен күту (спортта).

МАМЫҚША – ішіне құстың мамығы салынып жылытылған альпинистер киетін сырма бешпет.

МАНАСЛУ (санскритше «жан»; тибетше Кутанг «жайпақ») – топографиялық белгісі XXX (8128 м.) – Үлкен Гималай жотасына орналасқан сегізмыңдық шың.

МАНЕЖДЕ ЖҮРУ (спортта) – кедергілерден өту, шабыс, жоғары мектеп, жорықтар; жүруді күнделікті тұрмыста қатынас құралы ретінде пайдалану.

МАНЕЖДЕ ШАБУ (ат спортында) – атпен өнер көрсетудің бір түрі (ат үшсайысының бағдарламасында).

МАРАКАНА – Рио-де-Жанейро қаласындағы дүниежүзіндегі ең үлкен муниципальдық футбол стадионы. 1950 жылы әлем чемпионатын өткізу үшін әдейі салынған. Сыйымдылығы 155000 адамдық.

МАРАПАТТАМА – жеке спорт түрлері бойынша жарыстың жеңім-пазы және жүлдегері атанған спортшылар мен командаларға берілетін құрметті құжат.

МАРАФОНДЫҚ ЖҮГІРІС – 42 км. 195 м. қашықтыққа жүгіру. Өзінің атауын Афины қаласының солтүстігінен 40 км. қашықтықтағы Марафон жазығына байланысты алған.

МАРШРУТ КОМИССИЯСЫ – туристік жорықтарға рұқсат беруге құқығы бар, тәжірибелі туристерден құрылған комиссия.

ЖИРЫ – сложные эфиры глицерина и различных жирных кислот. Относятся к основным питательным веществам.

МАКАЛУ (Кама-Лунгдце – пик долины Кама – тибетское, 8470 м) – вершина Главного Гималайского хребта у русла реки Арун.

МАККАБИ – всемирное объединение еврейских гимнастических и спортивных ассоциаций.

МАК-КИНЛИ – высочайшая вершина (6193 м) Кордильер в Северной Америке.

ЦЕЛЬ – предполагаемый конечный результат (в спорте).

ПУХОВКА – стеганая куртка альпиниста с утеплителем из птичьего пуха (лучше гагачьего).

МАНАСЛУ («душа» – санскритское; она же Кутанг – «плоская» – тибетское) – топографическое обозначение – пик XXX (8128 м), расположенный в Главном Гималайском хребте восьмитысячников.

ЕЗДА МАНЕЖНАЯ (спортивная) – преодоление препятствий, скачки, высшая школа, пробеги, езда как средство передвижения в обыденной жизни.

МАНЕЖНАЯ СКАЧКА (в конном спорте) – одно из названий соревнований по выездке (обычно в программе конного троеборья).

МАРАКАНА – муниципальный стадион в Рио-де-Жанейро, являющийся крупнейшим футбольным стадионом мира. Построен специально к розыгрышу первенства мира по футболу 1950. Вместимость – 155.000 человекомест.

ДИПЛОМ – почётный документ, которым награждаются спортсмены и команды-победители и призёры соревнований по видам спорта.

МАРАФОНСКИЙ БЕГ – бег на дистанцию 42 км. 195 м. Своё наименование получил по названию местечка – Марафон, расположенного к северу от Афин.

МАРШРУТНАЯ КОМИССИЯ – создается из опытных туристов, правомочных разрешать туристские путешествия.

МАСШТАБ – карталарды жоспарлардағы сызықтар ұзындығының олардың орналасқан жерлерінің көлемімен салыстырғанда кішірейтілген өлшемі.

МАТ – қарсы ойыншы шабуыл жасаған сәтте, корольді алып кетуге, жолын жабуға немесе шабуылдаушы фигураны жеп қойып шахтан қорғануға болмайтын, ұтылған жақтың королі қарсы жақтың шабуылына тап болған шахмат партиясының соңғы жағдайы.

МАТЧ – 2 немесе одан да көп спортшылардың (командалардың) өзара кездесуі.

МАШЫҚТАНҒАНДЫҚ – үйрену мен жаттығудың әсерінен тән функциялық және морфологиялық өзгерістерге бейімделуі.

МӘЛІК – қоянның ізі (басым көпшілігінде еркегінің).

МӘНЕРЛІ ЖҮРУ – қатарласқан қадаммен, жүгіріп немесе басқаша бір түрмен жүріп бара жатып спортшылар тобының белгілі бір қимыл көріністерді бейнелеуі.

МӘРЕ – қашықтыққа жарысудағы ең соңғы сызық (нүкте).

МЕДАЛЬДАР – жарыстың жеңімпаздары мен жүлдегерлеріне тапсырылатын марапат белгілері.

МЕМОРИАЛДАР – мемлекеттің алдында немесе спорттың өркендеуі үшін зор үлес қосқан атақты спортшылар мен жаттықтырушыларды еске түсіруге арналған спорт жарыстары. Қазақстанда Ғ.Қосанов, К.Байдосов, О.Жарылғапов, А.Нұрмаханов, Ш.Серіков, О.Қанлыбаев, Б.Саттарханов атындағы т.б. мемориалдар бар.

МЕНЕДЖЕР – негізгі капитал иесіне тікелей тәуелді бір қызметтің түрін (спортта да) өз бетімен басқаратын жалдамалы маман.

МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ – балалар тәрбиесінің мақсаттарын шешуге бағытталған.

МАСШТАБ – степень уменьшения длин линий на планах, картах по сравнению с их размерами на местности.

МАТ – конечное положение в шахматной партии, при котором король одной стороны (проигравшей) находится под боем и нельзя ни увести его из под шаха, ни защитить, перекрыв линию действия атакующей его фигуры, ни взять эту фигуру.

МАТЧ – состязания между двумя или несколькими спортсменами (командами).

УПРАЖНЯЕМОСТЬ – способность организма подвергаться функциональным и морфологическим изменениям под влиянием упражнений, тренировки.

МАЛИК – след зайца (преимущественно русака).

ФИГУРНАЯ МАРШИРОВКА – передвижение группы спортсменов строевым шагом, бегом или другим способом, когда на ходу они образуют определенные фигуры.

ФИНИШ – конечная точка, линия дистанции состязаний.

МЕДАЛИ – почетные значки, вручаемые победителям и призёрам соревнований.

МЕМОРИАЛЫ – спортивные соревнования, посвященные памяти выдающихся спортсменов, тренеров, внесших весомый вклад в развитие спорта, а также лиц, имеющих значительные заслуги перед государством. В Казахстане проводятся мемориалы, посвященные памяти Г.Косанова, К.Байдосова, О.Жарылгапова, А.Нурмаханова, Ш.Серикова, О.Канлыбаева Б.Саттарханова и.др.

МЕНЕДЖЕР – наёмный специалист, который самостоятельно руководит тем или иным видом деятельности, (и в спортивной деятельности), но находится в непосредственной зависимости от владельца основного капитала.

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ ДЕТЕЙ ДОШКОЛЬНОГО ВОЗРАСТА – направлено на решение задач воспитания детей.

МЕКТЕП ЖӘНЕ КОЛЛЕДЖ ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ «ЖАСТАР» ЕРІКТІ СПОРТ ҚОҒАМЫ (2003 ж) – мектеп және колледждердің дене тәрбиесі ұйымдарын біріктіретін бұқаралық ерікті ұйым.

МЕКТЕПТЕР МЕН КОЛЛЕДЖДЕРДЕГІ ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ – оқу тәрбиесі жұмыстарының құрамды бөліктерінің бірі. Оның негізгі міндеттері – оқушылардың дұрыс дене дамуы мен шынығуына жағдай жасау, олардың денсаулығын нығайту, дене дамуын қамтамасыз ету.

МЕКТЕПТІҢ СПОРТ АЛАҢЫ – мектеп орналасқан жерде типтік жобамен жасалған спорт орталығы.

МЕҢГЕРУ (күресте) – тепе-теңдік қалыптан шығаратын шапшаң айла. Бәсекелесі жұлқығандағы қарсылығын пайдаланып оны қалыпты жағдайдан шығару.

МЕРГЕННІҢ ДАЙЫНДЫҒЫ (стенділік атуда) – ұшып бара жатқан нысананы көздеуге әбден дайын болған жағдайдағы мергеннің қалпы.

МИ – адамның мінез-құлқындағы, денедегі барлық өзгерістерді ретке келтіріп отыратын орталық жүйке жүйесінің негізгі әрі маңызды бөлігі.

МИДЫҢ ШАЙҚАЛУЫ – мидың жұмыс қабілетін бұзатын басқа тиген соққының әсерінен болатын ауыр жарақат.

МИНЕРАЛДЫ ТҰЗДАР – адам қоректенетін астық құрамында болуға тиісті: фосфор мен магний – ми мен бұлшық еттердегі химиялық процестердің дұрыс жүруі, қан құрамындағы гемоглобин мен бұлшық еттердегі миоглобинді түзетуге керек темір, белоктарды сіңіру, хлорлы натрий-осмотикалық қысымды қалпында және тәнде суды ұстау үшін кальций-фосфор және т.б. минералды заттар.

МИОЗИТ – жаттығулар кезінде зорығуға байланысты спортшыларда жиі ұшырасатын бұлшық еттердің ауыруы.

ДОБРОВОЛЬНОЕ СПОРТИВНОЕ ОБЩЕСТВО ШКОЛЬНИКОВ И УЧАЩИХСЯ КОЛЛЕДЖЕЙ «ЖАСТАР» (с 2003 г) – массовая самодеятельная организация, объединяющая деятельность школьных коллективов физической культуры.

ФИЗИЧЕСКОЕ ВОСПИТАНИЕ В ШКОЛЕ, КОЛЛЕДЖЕ – составная часть всей учебно-воспитательной работы. Разрешая свои специфические задачи – укрепления здоровья, содействия нормальному физическому развитию и закаливанию учащихся, – обеспечивает воспитание физических способностей учеников.

ШКОЛЬНАЯ СПОРТПЛОЩАДКА – место на школьном земельном участке, где располагается типовое школьное спортядро.

ЗАВЕДЕНИЕ (в борьбе) – темповый способ выведения из равновесия. Использовать активное сопротивление противника в ответ на рывок вывести его из равновесия.

ИЗГОТОВКА СТРЕЛКА (в стендовой стрельбе) – положение стрелка, когда он полностью приготовился к производству выстрела в летающую мишень.

ГОЛОВНОЙ МОЗГ – наиболее важный отдел центральной нервной системы, является основным регулятором всех процессов в организме и поведенческих реакций человека.

СОТРЯСЕНИЕ МОЗГА – тяжелая травма в результате ушиба головы, сопровождающаяся нарушением функций головного мозга.

МИНЕРАЛЬНЫЕ СОЛИ – обязательная составная часть питания человека, куда входят фосфор и магний, необходимые для нормального течения химических процессов в головном мозгу и мышцах, железо – для построения гемоглобина крови и миоглобина мышц, кальций – для усвоения фосфора и белков, хлористый натрий – для поддержания нормального осмотического давления и удержания в организме воды и другие минералы.

МИОЗИТ – воспаление мышц, которое часто встречается у спортсменов, в связи с перетренировкой.

МИТТЕЛЬШПИЛЬ (неміс. Mit-telspiel) – ойынның бастауы, дебюттен кейін жалғасатын ойынның ортасы.

МИОТОНОМЕТРИЯ – бұлшық еттердің қалпын (созылмалығын, қаттылығын, серпілмелігін) анықтауға пайдаланатын құрал.

МОГУЛ – үйілген төмпешіктер арқылы жасанды кедергілерден беткеймен сырғанап өту. Төмен қарай құлдилаған кезде спортшы екі рет секіріс жасауға тиісті.

МОНША – дененің бұлшық еттерін босаңсытып тынықтыратын, тазалайтын, жуынатын орын.

МОРЗЕ ӘЛІППЕСІ (морзе таңбасы) – өзара радиобайланыс жасаған кезде қолданылатын әріптер, таңбалар, сандар тағы да басқа белгілерге сәйкес телеграф хабарларының кестесі.

МОСЫ (нысана көздеуге) – түргеліп тұрып ату жаттығуында мылтықты тіреуге арналған жабдық.

МОТОРЛЫ ҚАЙЫҚ – кішкене каютасы бар немесе төбесі ашық моторлы шағын қайық.

МОТОРЛЫ СУ СПОРТЫ – моторлы қайықтармен өтетін спорт жарыстарының түрлері. Белгілі бір қашықтық пен уақыт аралығында тез өтетін жарыстармен қоса аралас арналармен жүзу сияқты т.б. тапсырмаларды орындау, аралас күрделі бағдарламалары бар спорт түрі.

МОТОЦИКЛ – рельссіз жолмен бір немесе екі жолаушыны алып жүруге арналған механикалық моторы бар тұзу жолмен қозғалатын екі доңғалақты машина.

МОТОЦИКЛ СПОРТЫ – тректе, тас жолда, ипподромда, ойлы-қырлы т.б. жерлерде мотоциклмен шапшаңдық сынаудан өтетін түрлі жарыстар.

МУСТАГ-АТА (мұзтау ата, 7546 м) – Орта Азиядағы ең биік шыңдардың бірі

МҰЗ (мұз айдындары үшін) – ауа райы 0^0-тан төмен суық болған жағдайда табиғи

МИТТЕЛЬШПИЛЬ (нем. Mittel-spiel) — середина игры (в шахматах), следующая за дебютом.

МИОТОНОМЕТРИЯ – прибор, который используется для определения тонуса (эластичности, твердости, упругости) мышц.

МОГУЛ – участник должен спуститься по склону, на котором созданы искусственные препятствия в виде буғров. Во время спуска спортсмену нужно выполнять два прыжка.

БАНЯ – эффективный способ расслабления мышц, путем обмывания, очищения тела.

АЗБУКА МОРЗЕ (код Морзе) – таблица телеграфных сигналов, соответствующих буквам, цифрам и другим знакам, употребляемым при ведении взаимной радиосвязи.

ШАМПИНЬОН (в стрельбе) – приспособление для поддержания винтовок произвольного образца при стрельбе стоя.

МОТОРНАЯ ЛОДКА – мелкое моторное судно, открытое или с очень небольшой каютой.

ВОДНО-МОТОРНЫЙ СПОРТ – вид спорта, включающий различные соревнования на моторных судах. Наиболее распространены скоростные соревнования на определённые дистанции и на какой-либо отрезок времени, соревнования в прохождении сложных фарватеров, выполнение комбинированных программ и т.д.

МОТОЦИКЛ – самодвижущаяся двухколёсная одноколейная машина с механическим двигателем для перевозки одного или двух пассажиров по безрельсовым дорогам.

МОТОЦИКЛЕТНЫЙ СПОРТ – включает различные виды соревнований: на мотоцикле скоростные соревнования (гонки) на шоссе, треке, ипподроме, по пересечённой местности (кроссы) и др.

МУСТАГ-АТА (Отец ледяных гор, 7546 м) – одна из наиболее высоких вершин Средней Азии.

ЛЁД (для спортивных катков) – может быть получен естественным путем при

жолмен немесе мұздатқыш машиналардың көмегімен қолдан қатырылады.

МҰЗ АЙДЫНЫ – конькимен сырғанақ тебуге арналған орын. М.а.-дары негізінен үш топқа бөлінеді: табиғи өзендерде, бөгеттерде және көлдерде; қолдан құйылғандар – алаңдар мен аулаларда, жасанды механикалық және химиялық жолмен қатырылғандар.

МҰЗДАҚ – көптеген жылдар бойы тұрып, үнемі жылжып отыратын қар, жаңбыр, қырау сияқты атмосфералық шөгінділерден құралып, маңайындағы кардан биік орналасқан мұздың әжептеуір жиынтығы.

МҰЗДЫҚ – қысқы жорықтар кезінде негізгі кедергілердің бірі болып табылатын мұздың бетіне көтеріліп қатқан су.

МҰЗЖАРҒЫШ – мұздың, мұздақ қардың бетін ойып баспалдақ жасауға, қауіпсіздік немесе өзін қауіпсіздендіруге, құлаған сәтте тұтылып қалуға, тік жарларда баспалдақ жасауға арналған альпинистердің құралы. Мұзжарғыш басы имек болат балғадан, күректен және ұшында болат сүймені бар қолға орайтын бау тағылған ағаш саптан тұрады, мұзжарғыштың ұзындығы 60-100 см, салмағы – 1,5-1,8 кг.

МҰЗҚҰЛАУ – биік жардың шетіне жылжып келген мұздақтың сынған бөліктерінің биіктен құлайтын жолы.

МҰЗОЙҒЫШ (нем. Eis — мұз, Beil — оятын сүңгі-балға) – қазықтарды қағу үшін күректің орнына сүңгі-балғасы бар қысқа сапты (40-50 см) мұзойғыш.

МҰЗТӨБЕ – шанамен сырғанап төмен түсетін жер.

МҰЗТАУ – Алтай тау сілеміндегі екі басты ең биік шың: шығыс басы (4542 м), батыстағы басы (4440 м).

МҰЗШЫҚ – мұзбен астасып кеткен жылтыр мұз қиыршықтары мен ірі қар түйіршіктерінің қардың бетіне жиналған көлемді бөлігі.

МҰЗ ТЕГІСТЕГІШ – конькимен сырғанайтын жолдардың бетін тегістеуге арналған жабдық.

температуре окружающего воздуха ниже 0° и с помощью холодильных машин.

КАТКИ ЛЕДЯНЫЕ – место для катания на коньках. Катки делятся в основном на 3 группы: естественные – на реках, прудах и озерах, наливные – на полях и площадках, искусственные – механические и химические.

ЛЕДНИК – значительное скопление льда, образовавшееся выше снеговой границы из атмосферных осадков (снег, дождь, иней, изморозь), находящееся в состоянии движений и существующее длительное время.

НАЛЕДЬ – выступившая поверх льда замерзшая вода – одно из естественных препятствий в зимних путешествиях.

ЛЕДОРУБ – специальный альпинистский инструмент, применяемый для рубки ступеней во льду и фирне, для страховки и самостраховки, для самозадержания при срыве, для опоры на крутых склонах. Ледоруб состоит из стальной головки с клювом, лопатки и деревянного древка со стальным штычком на конце к которому прикрепляется темляк – петля, надеваемая на руку альпиниста. Длина ледоруб – 60-100 см, вес – 1,5 – 1,8 кг.

ЛЕДОПАД – участок, на котором сломанные осколки двигающегося ледника пересекают крутой уступ на своей дороге.

АЙСБАЛЬ (нем. Eis-лед, Beil-молоток) – укороченный до 40-50 см. ледоруб, имеющий вместо лопатки молоток для забивания крючьев.

ГОРКА ЛЕДЯНАЯ – место для спуска вниз на санях.

БЕЛУХА – высочайший горный массив Алтая, увенчанный двумя вершинами: восточной (4542 м) и западной (4440 м).

ФИРН – масса крупнозернистого снега и прозрачных ледяных зерен, часто переслаивающаяся льдом, накапливающаяся выше снеговой линии.

ЛЕДОСТРУГ – приспособление, предназначенное для выравнения поверхности льда беговых дорожек.

МҰЗ ҮСТІНДЕГІ БИ – конькимен мәнерлеп сырғанаудың спорт және көрініс түрлерін біріктірген түрі.

МҮЙІЗДЕНУ – қажалу, қысылу сияқты механикалық әрекеттердің әсерінен пайда болатын терінің сүйелденуі.

МҮГЕДЕКТЕР СПОРТЫ – жарақат алудың, науқастанудың нәтижесінде еңбек ету қабілетінен айырылған адамдар айналысатын спорт түрлері.

МЫЛТЫҚ – стенд немесе траншеядан нысана көздеуге арналған оқпанының ұңғысы тегіс оқ ататын қару.

МЫЛТЫҚ ҰҢҒЫСЫНЫҢ КЕҢДІГІ – көлденеңі 220 мм. бастау алатын ұңғы тесігінің олшемі, кейде ол ұңғы тесігінің көлденең көлеміне сәйкес келетін домалақ қорғасын оқтың шеңберіне қарай да алынады.

МЫЛТЫҚТЫҢ ДҮМПУІ – қарудан оқ атылған кезде оның дүмінің кейін қарай соғуы.

МЫЛТЫҚТЫҢ ТЕЖЕМЕП – ату кезіндегі мергеннің иығына тиетін құндақтың қайта соққысын тежейтін құндақтың түбіне қойылатын тетік.

МІНДЕТТІ БАҒДАРЛАМА (спорттық, көркем гимнастикада, акробатикада, конькиді мәнерлеп сырғанауда, суға секіруде т.б. спорт түрлерінде) – жарысқа қатысушылар міндетті түрде орындауға тиісті бағдарламадағы екі бөлімнің бірі (міндетті және еркін бағдарлама).

МІНДЕТТІ ЖАТТЫҒУ – конькиді мәнерлеп сырғанаудағы техникалық әдістердің негізі.

МІНДЕТТІ ТЕКСЕРУ – тән мүшелерін және тәнді түгелдей ол жұмыс атқарып тұрған жағдайдағы қалыпты қызметін зерттеу.

МІНЕЗ – қоғамның мүшесі ретінде адамның сан-салалы қызметімен және оның көптеген түрлерінде: оқу мен еңбекте, ойындар және көңіл көтеруде, спортпен айналысканда, басқа адамдармен өзара

ТАНЦЫ НА ЛЬДУ – вид фигурного катания на коньках, сочетающий элементы спорта и зрелища.

МОЗОЛЬ (мозоли) – сильное ороговение кожи, вызываемое механическим раздражением, трением, давлением.

ИНВАЛИДНЫЙ СПОРТ – виды спорта, которыми занимаются люди утратившие трудоспособность в последствии увечий, болезни и т.п.

РУЖЬЁ – огнестрельное оружие с гладким каналом ствола, предназначенное главным образом для стендовой и траншейной стрельбы.

КАЛИБР РУЖЬЯ – диаметр канала ствола, измеренный в 220 мм от казенного среза ствола. Бытует и другое определение калибра, имеющее в своей основе величину круглой свинцовой пули, точно соответствующей диаметру канала ствола.

ОТДАЧА ОРУЖИЯ – движение назад огнестрельного оружия в момент выстрела.

АМОРТИЗАТОР РУЖЬЯ – надставка на затылке приклада, служащая для смягчения удара в плечо стрелка от отдачи ружья во время выстрела.

ОБЯЗАТЕЛЬНАЯ ПРОГРАММА (в спортивной, художественной гимнастике, акробатике, фигурном катании на коньках, прыжках в воду и в других некоторых видах спорта) – одна из двух частей программы соревнований, которая в обязательном порядке должна выполняться участниками соревнований (обязательная и произвольная программы).

ОБЯЗАТЕЛЬНЫЕ УПРАЖНЕНИЯ – основа техники фигурного катания на коньках.

ФУНКЦИОНАЛЬНАЯ ПРОБА – исследование функционального состояния органа, системы органов или организма в целом в условиях их деятельности.

ХАРАКТЕР – совокупность существенных, стержневых свойств личности, отличающих человека как члена общества и проявляющихся постоянно во всех многообразных видах его деятельности: в учении

қарым-қатынастарында және т.б. ерекшеліктерін көрсететін жеке басы қасиеттерінің негізгі жиынтығы.

и труде, в играх и развлечениях, в спортивной деятельности, во взаимоотношениях с другими людьми и т. д.

Н

НАҒЫЗ ШАБУЫЛ – барлау жасап, дайындалып барып, қарсыласын алдап, күтпеген жерден шабуылға шығу.

«НАДОМ» – маңғолдардың дәстүрлі спорт мерекесі.

НАЗАР АУДАРУ – белгілі әрекетке, затқа қатты жинақтасып көңіл бөлуде немесе әрекет жасауда психикалық қызметтің жинақталуы.

НАЙЗА ЛАҚТЫРУ – белгіленген аумақ ішінде орындалатын жеңіл атлетиканың түрі

НАНГА-ПАРБАТ (санскрит. – жалаңаш тау) – үлкен Гималай сілемінің солтүстік-батыс шетіндегі тау жотасы. Жотада бірнеше шыңдар бар: Үлкен шың (8126 м) үлкен шыңның Солтүстіктегі етегі (7910 м) және Батыстағы шың (8000 м. шамасында).

НАРАЗЫЛЫҚ ЖАЛАУЫ (желкен спортында) – басқа қайық жарыс ережесін бұзғанда, жарыс ережесі бойынша наразылық білдірген қайықтың көтеретін жалауы

НАРТ – көбінесе алыс шаңғы жорықтарында күртік қардың үстімен азық-түлік пен құрал-жабдықтарды тасу үшін туристер пайдаланатын ұзын, жеңіл шаналар.

НӘТИЖЕЛЕРДІҢ ЖАН-ЖАҚТЫ КӨРСЕТКІШІ – жеңіл атлетиканың секіру мен лақтыру түрлерінде нәтижелерді екі беттен көрсету үшін қолданылатын құрал.

НЕПЗП АРҚАН – жуандығы 10-14 мм. болатын капроннан немесе нейлон жіптерден өрілген, әріптестердің арасындағы негізгі байланыс бөлігі болып табылатын және негізгі ауыртпашылықты көтеретін аркан.

НЕПЗП ГИМНАСТИКА – дененің жан-жақты дамуы мен шұғылданушылардың

АТАКА ИСТИННАЯ – внезапное действенное нападение после успешного проведения подготовительных, разведывательных или обманных действий.

«НАДОМ» – традиционный монгольский спортивный праздник.

ВНИМАНИЕ – сосредоточенность психической деятельности на определенном объекте или действии.

МЕТАНИЕ КОПЬЯ – вид легкой атлетики, для выполнения которого выделено определенное место.

НАНГА-ПАРБАТ (Голая гора – санскритское) – горный массив в северо-западном окончании Главного Гималайского хребта, Массив имеет ряд значительных вершин. Высочайшие из них: Главная (8126 м), Северная предвершина Главной – 7910 м) и Западная (ок. 8000 м).

ФЛАГ ПРОТЕСТА (в парусном спорте) – предусмотренный гоночной инструкцией флаг, поднимаемый на видном месте яхтой, протестующей по поводу нарушения правил другой яхтой.

НАРТЫ – длинные узкие легкие сани, применяемые туристами преимущественно в дальних лыжных путешествиях для перевозки продовольствия и снаряжения, особенно при передвижении по рыхлому снегу.

УНИВЕРСАЛЬНЫЕ УКАЗАТЕЛИ РЕЗУЛЬТАТОВ – применяют в лёгкой атлетике для двусторонней демонстрации результатов прыжков и метаний.

ВЕРЁВКА ОСНОВНАЯ – крепкая капроновая или нейлоновая плетёная верёвка служит основным связующим звеном между альпинистами – партнёрами.

ОСНОВНАЯ ГИМНАСТИКА – система физических упражнений и гигиенических

денсаулығын, адамның барлық мүшелері және жүйелерінің біркелкі дамуы, сол сияқты жылдамдық, күш, иілгіштік, ептілік және шыдамдылық сияқты дене қасиеттерінің жетілуі үшін пайдаланатын тазалық пен дене жаттығуларының жүйесі.

НЕГІЗГІ ОЙЫНШЫ (спорт ойындарында) – алда жүретін, негізгі ойыншы.

НЕГІЗГІ СОҚҚЫ (бокста) – шабуыл және қарсы шабуыл кездерінде жиірек қолданатын, тиімді нәтижелерге жеткізетін, мұқият дайындалған, әрі дәл соққы (соққылар).

НЕМІС ГИМНАСТИКАСЫ (турнен) – Германияда дене тәрбиесін ұйымдастырудың алғашқы ұлттық жүйесі.

Н.НИКИФОРОВ-ДЕНИСОВТЫҢ КУБОГЫ (1914-1990) – КСРО бокс федерациясының президенті (1954-1963), АИБА-ның Еуропа құрлықтық бюросының (1967-1970), АИБА-ның президенті (1974-1978), АИБА-ның құрметті президенті (1978-1990) Н.Н.Д-тың құрметіне арналған халықаралық жарыс.

НОКАУТ АЛҒАН БОКСШЫ – рефери оған дейін санап «аут» командасын берген шақта дайын калпына келе алмаған, күшті соққы немесе соққылар алған соң жекпежекті әрі қарай жалғастыру қабілетінен айырылған спортшы.

НЫҒЫЗДАЛҒАН ДОП – іші теңіз шаламымен, жөкемен, қылмен нығыздалған жан-жақты жетілу жаттығулары үшін пайдаланатын былғарыдан жасалған жабдық

НЫСАНА (садақ тартуда, нысана көздеу спортында) – дөңгелек, сопақша тақтайларға жапсырылған, бетіне дөңгелек белгілер салынған қағаз не ұшатын (табақша) нысаналар.

НЫСАНА КӨЗДЕУ СТЕНДІ (ағыл. stand – ыңғай, орын) – стенд атуға арналған спорт албары.

средств, используемых в целях общего всестороннего физического развития и укрепления здоровья занимающихся, гармонического развития всех органов и систем человека, а также его физических качеств; быстроты, силы, гибкости, ловкости и выносливости.

ВЕДУЩИЙ ИГРОК (в спортивных играх) – идущий впереди, головной, основной игрок.

КОРОННЫЙ УДАР (в боксе) – хорошо отработанный и поставленный удар (серия ударов), приводящий к наиболее эффективному результату и наиболее часто применяемый боксерами в атакующих и контратакующих действиях.

НЕМЕЦКАЯ ГИМНАСТИКА (турнен) – первоначальная национальная форма организации физического воспитания в Германии.

КУБОК Н.НИКИФОРОВА-ДЕНИСОВА (1914-1990) – международные соревнования в честь президента федерации бокса СССР (1954-1963), президента Европейского континентального бюро АИБА (1967-1970), президента АИБА (1974-1978), почетного президента АИБА (1978-1990).

БОКСЁР НОКАУТИРОВАННЫЙ – спортсмен, потерявший способность продолжать бой вследствие получения сильного удара или ударов и не пришедший в боевую готовность до счета «десять» и команды рефери «аут».

НАБИВНОЙ МЯЧ – набитый внутри морской травой, мочалкой или волосом, песком кожаный инвентарь, применяемый в занятиях общеразвивающими упражнениями.

МИШЕНЬ (в стрельбе из лука и стрелковом спорте) – круглые, конусообразные картонные доски, разделенные круглыми отметками, или летящие мишени (тарелочки).

СТЕНД СТРЕЛКОВЫЙ (англ. stand – позиция, место) – спортивная площадка для стендовой стрельбы

НЫСАНАДАҒЫ ТЕСІК – нысанада оқ тиген тесіктер.

НЫСАНАДАҒЫ ШАР (бильярдта) – ұратын шардан басқа шарлардың барлығы.

НЫСАНА КӨЗДЕУ СПОРТЫ – ататын және пневматикалық қарумен, арбалеттен атудан, сол сияқты садақ тартудан тұрады.

НЫСАНАНЫҢ КӨЛЕМІ – дөңгелек немесе суретті нысаналарды аумақтарға бөлетін ойыққа немесе орталық нүктеге қарай тартылған сызықтар.

НЫСАНАНЫҢ ОРТАСЫ – шеңбер іспеттес нысананың басқа бөліктерінен түр жағынан өзгеше, нысананың ортасындағы дөңгелек бөлігі.

ПРОБОИНА В МИШЕНИ – отверстие, образованное пулей.

ПРИЦЕЛЬНЫЙ ШАР (в бильярде) – любой шар, кроме битка.

СТРЕЛКОВЫЙ СПОРТ – состоит из стрельбы из огнестрельного и пневматического оружия, из арбалета, а также из лука.

ГАБАРИТЫ МИШЕНИ – линии концентрических окружностей или овалов на круглой или силуэтной мишени, делящие мишень на зоны.

ЯБЛОКО МИШЕНИ – центральная часть круглой мишени, имеющая форму круга и отличающаяся по цвету от остальной части мишени.

О

ОЖОЛТ – бүгілген қолмен денеге соққы дарыту.

ОЙЛАНУ – заттардың жалпы қасиетінің және ішкі, сыртқы құбылыстарының өзара табиғи байланыстары мен қарым-қатынастарының адам санасында жаңғыру тәртібі.

ОЙЛЫ-ҚЫРЛЫ ЖЕР – төбе-төбелі, сайлы-жыралы, үйілген топырақты және өзен арықтары бар жер бетінің бір бөлігі.

ОЙЫН (дене тәрбиесінде) – еңбек етудің негізінде, алғашқы тұрпайы мәдениеттің аясында бірте-бірте дара тәжірибелік түрге айналған қоғам тарихындағы ойын қызметі. Ойындар: шахмат, тоғызқұмалақ, топтасып, екі жаққа бөлініп, жеке командалық, комбинациялық, денемен, қолмен т.б болып бөлінеді.

ОЙЫНҒА ҚОСУ – спорт ойындарында (волейболда, теннисте, стол теннисінде, бадминтонда қалақша және доппен өтетін т.б. ойындарда) допқа алғашқы соққыны жасап ойынды бастау.

ОЙЫНДАҒЫ ҮЗІЛІС – жарысқа қатысушылар демалу үшін ойынның ортасында 15 минутқа дейін берілетін үзіліс.

ОЖОЛТ – удар по корпусу согнутой рукой.

МЫШЛЕНИЕ – процесс отражения в сознании человека общих свойств предметов и явлений внешнего мира и закономерных связей и отношений между ними.

ПЕРЕСЕЧЁННАЯ МЕСТНОСТЬ – холмистый, расчлененный оврагами, балками и речной сетью участок земной поверхности.

